



«АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМСЫЗ АЛҒА ЖЫЛЖУ МҮМКІН ЕМЕС»

Азаматтық қоғам – кез келген мемлекеттің тұрақты дамуы мен демократиялық институттардың нығаюының негізгі көрсеткіші. Бүгінгі күні Қазақстанда азаматтық қоғамның дамуы маңызды мәселелердің бірі ретінде қарастырылуда. Азаматтық белсенділік артып, үкіметтік емес ұйымдар саны жыл сайын көбеюде. 2024 жылғы деректер бойынша, елімізде 22 мыңнан астам ҮЕҰ тіркелген, олардың ішінде белсенді жұмыс істейтіндері – шамамен 15 мың ұйым. Сонымен қатар, азаматтық бастамалар түрлі салаларды қамтып келеді: экология, білім беру, адам құқықтарын қорғау, жастар саясаты, денсаулық сақтау және т.б. Дегенмен, азаматтық қоғамның дамуына кедергі келтіретін бірқатар мәселелер де бар: құқықтық шектеулер, қаржылық тәуелділік, қоғамдық бақылаудың жеткіліксіздігі, халықтың құқықтық сауаттылығының төмендігі.

Осы мәселелер төңірегінде кеңірек білу үшін біз саясаттанушы, тарих ғылымдарының кандидаты, академия доценті Естай КҮЛДІБАЕВПЕН сұхбаттастық. Ол азаматтық қоғамның қалыптасуы мен дамуына қатысты өз пікірін ортаға салды.

– Естай Қағазұлы, азаматтық қоғам ұғымын қарапайым тілмен қалай түсіндіруге болады?

– Азаматтық қоғамды ең қарапайым тілмен айтқанда, бұл – адамдардың өз еркімен, өз бастамасымен бірігіп құрған ұйымдары мен қауымдастықтарының жиынтығы. Яғни, азаматтық қоғам дегеніміз – тек мемлекет қана емес, қарапайым азаматтардың да өз қоғамының дамуына белсенді араласуы. Ол әр адамның өз құқықтары мен мүдделерін қорғауға, қоғам өміріне қатысуға мүмкіндік алатын кеңістік.

(Жалғасы 5-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ОЙ ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК



Авторлық қауымдастықтар әбден шектен шықты. Олар тек өз қалталарын ғана ойлайды. Түскен қаржының денін өздері иемденіп, шығармашылық иелерінің еңбегін жеп отыр. Олардың үстінен қылмыстық іс қозғалуы керек.

ПАРЛАМЕНТ

ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ТЕТІК АЗ

Еліміздің ішкі нарығында шикізатты қайта өңдеу көлемін ұлғайту мақсатында қазақстандық тауарларды өндіру кезінде отандық шикізатты қолдануға басымдық беру қажет. Өкінішке қарай, қазақстандық тауар өндірушілерді бұған ынталандыратын шаралар жеткіліксіз. Бұл жөнінде Парламент Сенатының жалпы отырысында айтылды.

Дәстүрлі жиында сенаторлар бастамашы болған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тауарлардың шығарылған елін айқындау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң екі оқылымда қаралып, мақұлданған болатын. Сөз басында айтылған мәселені аталмыш құжатты талқылауға қатысқан сенатор Сағындық Лұқпанов ортаға салған еді. Оның айтуынша, отандық шикізатты тауар өндіруге пайдалануға ынталандыру мәселесі осы заңда да ескерілмеген. Қамтылмай

қалған өзге де мәселелер бар. Ол жөнінде сәл кейінірек. Ал, жалпы бұл заң отандық өндірушілерді қолдау тұрғысында батыл қадам деп айтуға болады.

Заң тұтасымен қазақстандық тауар өндірушілер мен олар өндіретін тауарлар туралы ақпаратқа қол жеткізудің бірыңғай нүктесін қамтамасыз етуге, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларының атаулылығын арттыруға бағытталған. Қазақстандық тауар өндірушілердің жаңа тізілімінің артықшылығы цифрлық деректерді пайдалану, отандық

тауар өндірушілерді цифрлық верификация және өндірісті бағалау арқылы сәйкестендіру. Бұл орайда күш-жігерді тек қана тізілімде тұрған қазақстандық тауар өндірушілерге мемлекеттік қолдау көрсетуге шоғырландыру жоспарланып отыр. Оның аясында қолжетімді қаржыландыруды ұсыну, яғни қаржы институттары арқылы жеңілдікпен несиелеу, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, өңдеуші өнеркәсіптің отандық тауарларының экспортын ілгерілету, оларды өткізуге жәрдемдесу, шикізатпен қамтамасыз ету және тағы басқа шаралар жүзеге асырылады. Заң шеңберінде сонымен қатар қазақстандық тауар өндірушілердің тізілімін қалыптастыру және мониторингілеу, өнеркәсіпті дамытуға бағытталған шарттарды жоспарлау және кепілдендірілген сатып алу шарттарын жасау тәртібі қарастырылып,

өндіріс шарттары, өндірістік және технологиялық операциялар, сатып алулары елішілік құндылық мониторингіне жататын жүйе құраушы кәсіпорындар ұғымы айқындалып отыр. Жиын тізгінін ұстаған палата спикері Мәулен Әшімбаевтың айтуынша, құжат қазақстандық тауар өндірушілерді қолдау саласындағы тетіктерді одан әрі жетілдіруді көздейді.

Дегенмен, жоғарыда айтылғандай заңда бірқатар маңызды мәселелер ескерілмей қалды. Олардың қатарында өңдеуші өнеркәсіпте жұмыс істейтін және Тізілімге кіретін отандық кәсіпорындар үшін салықтық жеңілдіктер беру шарасы бар. Лұқпанов мырзаның айтуынша, бұл нақты тауар өндірушілер үшін айтарлықтай қолдау болар еді. Сондай-ақ, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» кодекске пайдалы қатты қазбалар (ТПИ) саласындағы жер қойнауын пайдаланушылар үшін елішілік құндылықты дамыту бағдарламаларын және ұзақ мерзімді кепілдендірілген сатып алу шарттарын бекіту жөніндегі міндеттемелерді белгілеу бөлігіне түзетулер енгізу мәселесі тұр.

(Жалғасы 3-бетте)

2-бет




Жеке тұлғалардың банкроттығы

3-бет



«Такси» бизнесінде бәсекелестік жоқ

4-бет



Дау қуған бәлеге жолығады

СУДЬЯ МІНБЕРІ

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ

Жеке тұлғалардың банкроттығы бұл кредиторлар алдындағы банк заем шарттары немесе микрокредит шарттары бойынша қарыз міндеттемелерін орындау қиындық тудырған жеке тұлғалар мәселесін реттеудің заңда көзделген тәсілі.

2022 жылы 30 желтоқсанда елімізде тұңғыш рет «Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңға Мемлекет басшысы қол қойды. Аталған заң дара кәсіпкер ретінде тіркелмеген Қазақстан азаматының төлемге қабілетсіз болуына байланысты туындайтын қатынастарға қолданылады. Ал кредиторлар талаптарын толық көлемде қанағаттандыра алмауына байланысты дара кәсіпкерлерде туындайтын қатынастар Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамасымен реттеледі.

«Қазақстан Республикасы азаматтарының төлем қабілеттігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» заңға сәйкес үш рәсім қамтылған: соттан тыс банкроттық, сот арқылы банкроттық, төлем қабілеттілігін қалпына келтіру. Осы үш рәсімнің әрқайсысының өз талаптары бар.

Соттан тыс банкроттық рәсімі – екінші деңгейдегі банктердің, Қазақстанның бейрезидент-банк филиалдарының, банк операциясының жекелеген түрін жүзеге асыратын ұйымдардың, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың немесе коллекторлық агенттіктердің алдындағы міндеттемелерді тоқтату мақсатында борышкерге қатысты соттан тыс тәртіппен жүзеге асырылатын рәсім.

Сот арқылы банкроттық рәсім – кредиторлар талаптарын борышкердің мүлкілік массасы есебінен қанағаттандыру мақсатында борышкерге қатысты сот тәртібімен жүзеге асырылатын рәсім.

Төлемге қабілетсіздік дегеніміз – бұл борышкердің ақшалай міндеттемелерді және ақшалай сипаттағы өзге де талаптарды толық көлемде орындауға қабілетсіз болуы. Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімі – сот тәртібімен қолданылады, оның шеңберінде борышкерге борышкердің төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған қаржылық, құқықтық және Қазақстан заңнамасына қайшы келмейтін өзге де іс-шаралар қолданылады.

Соттан тыс банкроттық рәсімі – егер қарыз алушының кредиторлар алдындағы қарызы 1600 АЕК-тен аспайтын болса қолданылады. Сонымен қатар келесі талаптарды қамтиды: 12 ай мерзімі ішінде қа-

соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге құқылы болады.

Борышкер соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызды



Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолданудың ерекшелігі борышкерге «банкрот» мәртебесі берілмейді және оған банкрот деп танылғандарға қолданылатын шетелге шығуына тыйым салу тетігі қолданылмайды. Ал банкрот мәртебесі берілген тұлғаға заемдар мен несие алуға 5 жылға тыйым салынады, 7 жылға дейін банкроттықты қайта қолдану жол берілмейді, банкроттың 3 жыл ішіндегі қаржылық жағдайы тексеріліп отырады.

рыз шарты бойынша төлем болмауы тиіс, ортақ меншіктегі мүлікті қоса алғанда, меншік құқығында мүліктің болмауы шарт. Сондай-ақ республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және төлем күнінде қолданыста болатын АЕК бір еселенген мөлшерінен асатын сомадағы төлем өтеу болып есептелетін ескеруіміз қажет. Өтеудің болмау мерзімі әрбір банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша соңғы төлем күнінен бастап есептеледі.

Кредитор мен борышкердің «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» заңына сәйкес банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімдерді жүргізу шарттарына сәйкес келуі уәкілетті органға соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз беруге негіз болып табылады. Соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз берілген күнге дейін жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімінің қолданылмауы шарттарына да сәйкес келуі тиіс. Егер борышкер арыз берілген күннің алдындағы алты ай ішінде мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы болса, осы баптың 1-тармағы 2) тармақшасының ережесіне қарамастан, ол арыз беруге құқылы болады. Егер міндеттемелерді орындамау мерзімі арыз берілген күнге бес жылдан асса, жоғарыда аталған талаптарға қарамастан, борышкер

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы, «электрондық үкімет» веб-порталы және арнаулы мобильдік қосымша арқылы белгіленген нысан бойынша береді. Уәкілетті органның соттан тыс банкроттық рәсімін жүргізу мерзімі борышкер туралы мәліметтер «электрондық үкімет» веб-порталында орналастырылған күннен бастап алты айды құрайды.

Борышкер төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа жазбаша түрде немесе электрондық құжат нысанында жүгінеді. Төлем қабілеттігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен жүгіну үшін негіздер заңның 6-бабында көзделген. Оған сәйкес сотқа төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы арыз беру үшін борышкерге тиесілі мүлік құнының оның барлық міндеттемелерінің (оның ішінде орындалу мерзімі басталмаған) мөлшерінен асып кету фактісі және тұрақты кірісінің болуы тиіс.

Ал сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен төмендегі жағдайларда: борышкер республикалық Бюджет туралы заңда белгіленген және осы заңның 1-бабының 11) тармақшасында көзделген кредиторлар алдындағы міндеттемелер бойынша арыз берілген күні қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 1600 еселенген мөлшерінен асатын міндеттемелер болған; өзге кредиторлар алдында міндеттемелер болған; сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы арыз берілген күні қатарынан он екі ай ішінде кредиторлар алдындағы міндеттемелерді өтемеген болы тиіс. Сондай-ақ арыз берілген күні жеті жыл бойы соттан тыс немесе сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану фактісі болмаған; борышкерге қатысты «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» және «Микроқаржылық қызмет туралы» заңдарына сәйкес банктік қарыз шарты және микрокредит беру туралы шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу және өндіріп алу жөніндегі рәсімнің жүргізілуі жайлы талаптар сақталуы тиіс.

Борышкердің сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану немесе төлем қабілеттілігін қалпына кел-

кредиттерін алудан басқа) тыйым салынады; кредиторлардың мемлекеттік органдардан және өзге де органдар мен ұйымдардан борышкердің мүлкі туралы ақпарат алуына борышкердің келісімі берілген деп есептеледі; Қазақстан шегінен тыс жерлерде емделу, жақын туысын емдеуге алып жүру, жақын туысын жерлеу қажет болған жағдайларды қоспағанда, борышкердің Қазақстан шегінен тыс жерлерге шығуына тыйым салынады; борышкердің банктік шотынан кредиторлардың талабын қанағаттандыру есебіне ақшаны өндіріп алуға, сондай-ақ борышкердің мүлкіне өндіріп алу қолдануға жол берілмейді.

Заңның 22-бабының 2-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, борышкерге талаптар төлем қабілеттілігін қалпына келтіру немесе сот арқылы банкроттық рәсімін; шеңберінде ғана қойылуы мүмкін; борышкердің мүлкіне қатысты атқарушылық құжаттардың орындалуы тоқтатыла тұрады; мемлекеттік органдардың, өзге де органдар мен ұйымдардың борышкер мүлкіне қатысты атқарушылық құжаттардың орындалуы тоқтатыла тұрады. Кредитордың «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» және «Коллекторлық қызмет туралы» заңдарында көзделген реттеу және өндіріп алу шараларын қолдануына тыйым салынады.

Сот төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешімді қаржы басқарушысының қорытындысын ескере отырып қабылдайды. Мұндай шешімде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолдану туралы шешім заңды күшіне енген күннен бастап екі айдан кешіктірмейтін мерзімде қаржы басқарушысының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жоспарын ұсынатыны; жоғарыда аталған осы санаттағы арыз бойынша іс жүргізуді қозғау туралы ұйғарымда көрсетілген салдардың сақталатыны туралы нұсқаулар қамтылуы тиіс. Сот арқылы банкроттық рәсімін қолдану туралы шешімді де сот қаржы басқарушысының қорытындысын ескере отырып қабылдайды.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіру рәсімін қолданудың ерекшелігі борышкерге «банкрот» мәртебесі берілмейді және оған банкрот деп танылғандарға қолданылатын шетелге шығуына тыйым салу тетігі қолданылмайды. Ал банкрот мәртебесі берілген тұлғаға заемдар мен несие алуға 5 жылға тыйым салынады, 7 жылға дейін банкроттықты қайта қолдануға жол берілмейді, банкроттың 3 жыл ішіндегі қаржылық жағдайы тексеріліп отырады.

Әлия ТУБЕКБАЕВА,
Қызылорда қалалық сотының судьясы

МЕЖЕ

Мемлекеттік қызмет жүйесін қалыптастыру басталғаннан бері бір мезгілде мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлық стандарттарын нормативтік-құқықтық реттеуге ерекше назар аударылды. Осылайша 1997 жылы Президент Жарлығымен «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің қызметтік әдеп ережелері» бекітілді.

Мемлекеттік қызметшілердің моральдық-адамгершілік келбеті мен іскерлік қасиеттерін қойылатын талапты арттыру мақсатында әдеп қағидалары кодификацияланып, 2005 жылы Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексі бекітілді.

2016 жылдан бастап «100 нақты қадам – Ұлт жоспарын іске асыру үшін кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыпта-

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ

стыру жөніндегі реформаны іске асыруда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының жаңа редакциясында қызметтік әдеп туралы жеке тарау көзделген. Нәтижесінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтік құндылықтары мен қағидаларын айқындайтын, қызметтегі және күнделікті өмірдегі мінез-құлық стандарттарын регламенттейтін Әдеп кодексі жаңа форматқа көшті.

Кодекс қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастардың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің теріс әрекеттерінің алдын алуға бағытталған. Әдеп кодексінің нормалары мемлекеттік қызметшілердің моральдық келбетіне қойылатын ерекше талаптарды көздейді. Себебі олар мемлекеттің бет-бейнесі болып табылады және қоғам алдында қоғамдық орындарда мінез-құлықтың үлгісі болуға

тиіс. Мемлекеттік қызметшілерге қатысты қоғамдық пікірді қалыптастыру белгілі бір дәрежеде олардың қызметтен тыс уақыттағы, оның ішінде қоғамдық орындардағы мінез-құлқына байланысты екенін мойындау жөн. Осыған байланысты, мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиеті мен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтіретін масаң күйде болуға жол бермеуге, қарапайымдылық танытуға, тиісті қызметтерді алу кезінде өзінің қызметтік жағдайын атап көрсетпеуге және пайдаланбауға, қоғамға жат мінез-құлық жағдайларына өз тарапынан қоғамдық имандылыққа, тәртіп пен қауіпсіздікке қол сұғумен ұштасатын заң талаптарын бұзуға жол бермеуге және басқа азаматтарды құқыққа қайшы, қоғамға жат әрекеттер жасауға тартпауға міндетті.



Д.ЕРЛИКОВА,
ҚР Сот әкімшілігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкіл

Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мақсатында, Қазақстан Республикасы Сот әкімшілігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің Әдеп жөніндегі уәкілі сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын түсіндіре отырып, тұрақты негізде семинар сабақтарын өткізеді.

МІНДЕТ

ӘДЕПТІЛІК – ТӘРБИЕ КӨРСЕТКІШІ

Мемлекеттік қызметке келген әрбір азамат мемлекеттік қызметшінің антын қабылдаған кезден бастап белгілі бір шектеулерге ие болады және оны сақтауға міндетті. Мемлекеттік қызметші өз кезегінде халық пен мемлекеттік орган арасындағы көпір іспетті. Қандай да бір мемлекеттік органға кіргенде есіктен қарсы алатын – мемлекеттік қызметшілер. Оның өз жұмысын қаншалықты жақсы көретіні, қызмет алушының сұрағына, проблемасына бей-жай қарамауы халықтың аталған мекемеге деген көзқарасын қалыптастырады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметші тек қана жұмысында емес, сондай-ақ жұмыстан тыс уақытта да әдептілік қағидағын ұмытпауы тиіс. Ол қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндетті. Қазақ «Өзге елде сұлтан болғанша, өз еліңде ұлтан бол!» деген керемет сөз бар. Әрбір мемлекеттік қызметші ең бірінші өз елінің патриоты болып, өз ана тілін жетік меңгеруі тиіс.

Мемлекеттік қызметшілердің әдебі – адалдық, әділдік, адал ниеттілік, ашықтық, сыпайылық және қызмет алушыға бағдарлану қағидаларына негізделеді. Әдепті болу, әдеп нормаларын сақтау тек қана мемлекеттік қызметте емес, күнделікті өмірде де керек. Әдеп – ол тәрбие, ал тәрбие отбасыдан басталады. Сондықтан да әр отбасы еліміздің болашағын қалыптастыруға зор үлесін қосады. Әдепті, құқықтық қоғам құру өз қолымызда.

Б.ӨТЕФАЛИЕВА,
Орал қаласы №2 сотының бас маманы

ПАРЛАМЕНТ

ОТАНДЫҚ ТАУАР ӨНДІРУШІЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРАТЫН ТЕТІК АЗ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Осының бәрі заңды іске асыру шеңберінде заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді қабылдау кезінде назардан тыс қалмау керек. Мәселен, тізілімді жүргізу ережелері мен өндіріс шарттарын, өндірістік және технологиялық операциялар қабылдануы тиіс. Бұл қағидаларда оқшаулау деңгейін арттыру жөніндегі шаралар және кәсіпорындардың өндірістік қызметін растау жөніндегі тиімді критерийлердің қабылдануы өзекті. Министрлік осы ережелерді әзірлеу кезінде бизнес қауымдастықтың пікірін ескеруі керек.

Дәстүрлі емес медицинада құқықтық жауапкершілік жоқ

Жалпы отырыста құзырлы орындар басшыларына жолданған депутаттық сауалдарға өзек болған мәселелер де маңыздылығымен назар аударды. Соның бірі сенатор Бибігүл Жексенбай көтерген дәстүрлі емес медицинаға қатысты құқықтық реттеудің жоқтығы пациенттердің денсаулығына қауіп төндіріп, көрсетілетін қызметтердің сапасын төмендетумен қатар, медициналық білімі жоқ тұлғалардың емдеу ісіне араласуына жол ашып жатқандығы. Өйткені, дәлелденбеген немесе қауіпсіз емес емдеу әдістерін қолдану адам денсаулығының нашарлауына, аурудың асқинуына әкелуі мүмкін және бұл денсаулық сақтау саласына қосымша ауыртпалық тудырады. Ал, бақылау және жауапкершілік механизмдерінің жоқтығы пациентке

зиян келтірілген жағдайда, жауапкершілікке тарту және зардап шеккендердің құқықтарын қорғау мүмкіндігін азайтады.

Халықаралық тәжірибе болғанына қарамастан, Қазақстанда дәстүрлі емес медициналық қызметті реттейтін нормалар 2006 жылы жойылғаннан кейін бұл сала мүлде құқықтық кеңістіктен тыс қалған. Бұл жағдай тиісті дайындығы мен бақылауы жоқ жосықсыз мамандардың қызмет көрсетуіне мүмкіндік беруде. Сондықтан дәстүрлі емес медицина саласындағы қызметтердің сапасын арттыру үшін осы саланы заңнамалық реттеу шараларын қабылдауды қарастыру; лицензиялау және сертификаттау жүйесін енгізу, дәлелдерге негізделген рұқсат етілген әдістер мен практикалардың тізілімін жасау керек.

Ұлттық кәсіптер классификаторын қайта реттеу қажет

Сенатор Айгүл Қаппарова үкімет назарына салған мәселе цифрлық сектордағы еңбекті заңдастыру үшін жаңа мамандықтарды тану шарасын ұсынуымен маңызды болды. Оның айтуынша, бүгінде мыңдаған қазақстандық осы уақытқа дейін мемлекет мойындамаған және Ұлттық жіктеуішке енгізілмеген жаңа цифрлық және заманауи кәсіптермен айналысады.

Бұл мамандарды құқықтық және әлеуметтік қорғаудан айырады, кадрларды жүйелі даярлауға кедергі келтіреді және

салықтың ашықтығын төмендетеді. Қазір елімізде мыңдаған адам ресми классификаторда жоқ мамандық иесі ретінде жұмыс істеп жүр. Алайда олардың көбі көлеңкелі секторда жұмыс істейді, кәсібі ресми тіркелмеген. Бұл – еңбек құқығы мен әлеуметтік кепілдіктерден айырылған үлкен аудитория.

Бүгінде «IT маманы», «цифрландыру саласы», «интернет технологиялары» деген кең ұғымдар өз ішінен жүздеген түрлі жеке мамандықтарға бөлінген. Бұл мамандықтардың әрқайсысы нақты кәсіби қызмет, нақты құрал мен нақты нарықтық сұранысқа ие. 1 миллионнан астам адамның бейресми түрде және олардың біліктілігінің мойындалмай жұмыс істеуі ерекше алаңдаушылық туғызады.

Бұл осындай жұмысшыларды әлеуметтік қорғауды қиындатады және адами капиталды тиімсіз пайдалануға әкеледі. Сондықтан нарықта тұрақты сұранысқа ие цифрлық және заманауи мамандықтарды Ұлттық кәсіптер классификаторына енгізу керек. Сала сарапшылары мен қауымдастықтарымен бірлескен сараптамалық топ құру, бейресми секторда жұмыс істеп жүргендердің дағдыларын тану тетіктерін дамыту қажет. Салық және әлеуметтік жүйеге бейімделіп, NEET санатындағы жастарды интеграциялау, оларды өз әлеуетін кәсіби түрде дамытуға ынталандыру керек. Еңбек нарығының заманауи құрылымын қамтитын жаңа статистикалық есеп құралдары енгізілуі тиіс.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

БИЗНЕСТІ ҚОЛДАУ

Кондитерлік өнімдер нарығында жыл өткен сайын отандық компаниялардың үлесі өсіп келе жатыр. Соның бірі Алматы облысының Қарасай ауданындағы Бұлақты ауылында орналасқан – «Аужаров» жеке кәсіпкерлігі.

ТҰТЫНУШЫЛАР ҮЗДІКТІ ТАҢДАЙДЫ

Отандық өндіруші кондитерлік өнімдер өндіру нарығына 2023 жылы енген болатын. Екі жылдың ішінде нарықтан өз орнын тауып, талғампаз тұтынушылардың көңілінен шыға алды.

«Кондитерлік өнімдерді өндіру – бұл бірнеше негізгі кезеңдерді қамтитын күрделі және шығармашылық процесс. Онда – ұн, қант, май, какао, жаңғақтар, жемістер және әртүрлі хош иістер сапалы ингредиенттерді таңдаудың маңызы зор. Өнімнің түріне байланысты рецепт пен технология айтарлықтай өзгеруі мүмкін», – дейді компания басшысы Руслан Аужаров. Оның айтуынша, өндіріс орны айналым қаражатын ұлғайту мақсатында 2024 жылы «Даму» қорының «Бірыңғай кешенді бағдарламасы» аясында ЦентрКредит банктен қаржы тартты. Соның арқасында өз тұтынушыларына ұсынатын өнім желісін кеңейтуге мүмкіндік алды. Бүгінгі таңда «Аужаров» жеке кәсіпкерлігінің өзгелерден бірқатар артықшылығы бар. Ол: бәрін өзінде өндіру негіздері; кондитерлік өнімдерді өндіруге арналған жеке жабдықтың болуы; тіркелген сауда белгісі; жоғары сапалы кепілдік; жарқын, ыңғайлы және оңай танылатын қаптама.



С.ҚАСЫМБЕКҚЫЗЫ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА КӘСІП

Алматы облысы Қарасай ауданы Көкөзек ауылының тұрғыны Салима Нұрымқызы өзінің жеке бизнесін дөңгелетіп отырған табысты кәсіпкер. Ыдысаяқ саудасында жүрген ол 2020 жылы өзінің жеке ісін бастауға тәуекел етіп «Әшім» жеке кәсіпкерлігін тіркейді.

КӘСІПКЕРДІҢ ИГІ ІСІ КӨПКЕ ҮЛГІ



«Сабақты ине сәтіммен» дегендей өз ісін сәтті жүргізіп, клиенттердің сеніміне де ие болады. Оған «Ағайынның аты озғанша, ауылдастың тайы озсын» деген ұстанымды берік ұстанған ауылдастарының қосқан үлесі де аз емес. Бұл Салима Нұрымқызы үшін де үлкен қолдау болғаны анық. Нақты айтқанда бизнесті кеңейтуге ғана емес, кәсібін өндіріске қарай жылжытуға да зор шабыт берген.

Бір орында тұрып қалуды қаламайтын іскер кәсіпкер осылайша бірте-бірте нарықтың өзге қажеттіліктерін де зерттей бастайды. Сондықтан 2023 жылы өндіріс саласына шығу және корпустық жиһаз шығаруды бастау туралы стратегиялық шешім қабылдайды. Бұл үшін «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының қолдауымен Jusan Bank-тан қарыз алып, оған жиһаз шығаратын үш жабдық сатып алады. Бұл құрал-жабдықтар оған өз өндірісін ұйымдастыруға және клиенттерге сапалы, қолжетімді жиһаз ұсынуға мүмкіндік берді.

Қазіргі уақытта өндірістік компания бөлшек сауда сегментінде жұмыс істейді. Арманы асқан, болашаққа деген сенімді берік кәсіпкердің ендігі мақсаты – өндірісті кеңейту, клиенттік базаны қалыптастыру және көтерме сауда нарығына шығу. Бұл үшін бірнеше жылдың ішінде өндіріс көлемін ұлғайту, қосымша құрал-жабдықтар сатып алу және клиенттерге қолжетімді бағамен жиһаз үлгілерін ұсыну жоспарланып отыр.

Кәсіпкер Салима Нұрымқызының айтуынша, оның компаниясының артықшылықтары: қолжетімді баға, икемді тәсіл, өсу перспективалары. Компания өз өндірісінің есебінен бәсекелестерге қарағанда неғұрлым тиімді шарттарды ұсына алады. Клиенттің қажеттіліктеріне сәйкес жиһазды жеке таңдауға мүмкіндік береді. Өндірістің ұлғаюымен бірге ассортиментті кеңейтіп, сервисті жақсартпақ.

Сарби ӘЙТЕНОВА

КӨКЕЙКЕСТІ

«ТАКСИ» БИЗНЕСІНДЕ БӘСЕКЕЛЕСТІК ЖОҚ

Қазір Қазақстанның әр қаласы, тіпті әр аудан орталығында «Яндекс.Такси» қосымшасы жұмыс істеп тұр. Осы арқылы такси қызметіне жүргіндер көп. Тіпті аталған компанияның бағасы кейде тым өрескел өссе де жолаушылар да бұдан бас тарта алған жоқ.

Бір белгілісі, қазір біздің елдің такси жүргізушілері «Яндекс.Таксиге» комиссия ретінде жол ақысының 20 пайызын береді. Мысалы, жолаушы осы қосымшамен такси шақырып, өз мекенжайына жеткен соң 1000 теңге төлейді делік. Бірақ бұл сомдан жүргізушіге 800 теңге қалады. Қалғаны, яғни 20 пайызы (200 теңге), оның ішінде жолақының 16 пайызы «Яндекс.Такси» компаниясына, қалған 4 пайызы таксопаркке ұсталады. Бұл жерде жүргізушінің өзге шығындары (ас ішу, бензин, жөндеу, май ауыстыру) есепке алынбайды.

Оқырман қауымға жақсы таныс, «Яндекс» қосымшасында баға жиі «ойнайды». Әсіресе, кептелісте, құбылмалы ауа райында, жаңбырлы күні баға аспандап шыға келеді. Ал компания басшысы бұны себебі – сұраныс артып, жолаушылардың көбеюімен, такси жетіспеушілігі деп ақталып, тіпті компанияның артық пайда таппайтынын айтуда.

Қазіргі қолдан келген шара – Бәсекелестікті қорғау агенттігінің компанияға комиссияны төмендету бойынша ұсынысы. Бірақ қатаң шара болмаса компанияның мұны елеуі қиын сияқты.

Жалпы сарапшылар кейінгі 10 жылда Қазақстанда такси бағасы орта есеппен 5 есеге өскенін айтады. Ал Енергургот есебінше, біздегі такси қызметінің бағасы ТМД-да Әзірбайжаннан кейінгі екін-

ші орында екен. Тағы да бұған баяғы бір ғана себеп – бәсекелестік жоқ. Ал ол жоқ жерде баға да жоғары. Ал жүргізушілер бұл салада жұмыс істегенімен оларға зейнетақы, медсақтандыру төленбейді, ешқандай әлеуметтік төлем жоқ. Әрі күніне кем дегенде 10-12 сағат жұмыс істейтіні анық.

Жалпы осыдан үш жыл бұрын (2022 жылы) аталған компания қызметіне 150 мыңнан астам тіркелген. Қазір бұл цифр артқан. Айтпақшы, бұл «Яндекске» елдегі таксопарк иелері де өкпелі. Олар ең басты мәселенің бірі – жүргізушілердің қауіпсіздігі екенін айтуда. Ал табыстан үлес алып отырғанына қарамастан «Яндекс» жауапкершілікті соңғы орынға ысырған.

«Алдымен бағаны «Яндекстің» басшылығы белгілейді. Таксопарктерде бұл мүмкіндік жоқ. Баға әсіресе, жауынды күндері, кептелісте көтеріледі. Екіншіден, қазір жүргізушілер табысының 20-25 пайызын түгелдей «Яндекс» алады деп ойлайды. Негізгі компанияға 15-18 пайызы, қалған 3-5 пайызы таксопаркке тиесілі. Басты мәселе – «Яндекс» жүргізушілер арқылы табыс таба отырып, өздеріне жауапкершілік алмауы. Айналып келгенде, оның кесірі таксопарктерге тиеді. Мысалы, адам тасымалдап жүрген жүргізушіні өлтіріп кеткен жағдай кездесті. Енді бір жүргізуші автокөлікпен өзгеге соқтығы-

сты. Оның бәрінде дәл осы компания тыс қалады, дұрысы, «Яндекс» жүргізушілердің мүддесін қорғамайды», – дейді «Автомода» таксопаркінің басқарушысы болған Гүлбаршын Думан.

Оның сөзінше, мұндай мәселеде таксопарк басшылығы «Яндекс» компаниясы өкілдерімен тікелей сөйлесе алмайды. Тек робот жауап қатып, әр нәрсені сұрағандай болады. Тіпті көлік бұзылып, жолда қалғанда эвакуатор шақыруға да «Яндекс» жауапты емес көрінеді.

Тағы бір дерек, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 2022 жылдан бастап такси жүргізушілерді салық төлеуге міндеттемей-ақ, «Яндекс.Такси», «Индрайвер» сияқты ірі компанияларымен келіссөз жүргізбек болды. Ол бойынша компаниялар комиссиядан түскен ақшаның 4 пайызын жүргізушілердің әлеуметтік төлемдеріне аударып отыруы керек. Бұл Үкімет те, жүргізушілер де ұтылмайтын шешім еді. Бірақ бастама аяқсыз қалғандай. Әйтсе де былтыр аталған ұсынысқа өзгеріс енгізіліп, пилоттық жоба түрінде сынала бастады. Мемлекеттік кірістер комитеті «Яндекс.Таксимен» бірлесіп, Астана мен Алматы қаласында такси жүргізушілері үшін платформалық жұмыспен қамту бойынша пилоттық жобаны іске қосқан.

Жүргізушілердің келісімімен салық пен әлеуметтік төлемдерді ұстап қалу мен аударуды «Яндекстің» өзі жүргізбек. Бірақ кейбір жүргізуші үшін такси қызметі негізгі табыс болса, енді біреуі тек бос уақытында ғана жұмыс істейді.

Ал осы екінші айтып отырғанымыз азғантай табыс үшін салық төлеуге құштар емес. Барлық азамат Мемлекеттік кірістер комитеті міндеттенгендей, негізгі жұмыстан бөлек, қосымша жұмысының кірістерін декларацияда көрсетуі тиіс. Бұл жерде жүргізушілерге табысынан үлес бермей, көлікпен нәпақа табу қиындайды деген сөз.

Шернияз
ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ



ПАЙЫМ

СОТ САРАПТАМАСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Сот процесі тараптар теңдігін сақтай отырып, заңға сай, әділ өтуі керек. Бұл сот саласына деген азаматтар сенімін нығайтудың басты кепілі. Қылмыстық сот ісінде қандай да бір келіспеушіліктер туындап, нақтылық жетіспеген, мән-жайларды жан-жақты, объективті зерттеу қажет болған жағдайда сот сараптамасы тағайындалады.

Сот сараптамасының қорытындысы таласты мәселелердің шешілуіне көмектеседі. Сараптама жасауда заттай дәлелдемелер, құжаттар, жануарлар, мәйіттер және олардың бөліктері, салыстырмалы зерттеуге арналған үлгілер, сондай-ақ сот сараптамасы жүргізілетін қылмыстық істің материалдары зерттеу объектісі болып табылады.



Негізі сараптаманың басым бөлігі қылмыс тіркеліп, айғақтар жиналатын сотқа дейінгі өндіріс барысында тағайындалатыны белгілі. Сараптаманы уақытында тағайындау айғақтар мен дәлелдемелерді дер кезінде зерделеуге мүмкіндік береді. Сот оны істі қарау кезінде сирек тағайындайды. Сот сараптамасын тағайындау және жүргізу тәртібі Қылмыстық-процестік кодекстің 35-тарауында жан-жақты айқындалған.

Қылмыстық істе ғылыми білім негізінде анықтауды қажет ететін мән-жайлар туындаса, сот тиісті сараптама тағайындауға міндетті. Сот сараптамасы тараптардың өтініші бойынша, сондай-ақ судьяның өз бастамасы бойынша да тағайындалады. Бұл соттың қылмыстық процесітегі өз бастамасы бойынша жүзеге асыруы мүмкін жалғыз іс жүргізу әрекеті екенін де ұмытпауымыз керек. Осы тұста сараптама жүргізу айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, сондай-ақ қорғауға құқығы бар куәнің және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануға байланысты іс жүргізіліп жатқан адамдардың құқықтарын қамтамасыз етуді көздейді. Қылмыстық процесіте жүргізетін органның сараптама тағайындаудан бастартуға құқығы жоқ. Тек қылмыстық іске немесе сот сараптамасының нысанасына жатпайтын жағдайларда ғана сараптама тағайындалмайды.

Сот сараптамасын тек сот сараптамасы органдарының қызметкерлері; лицензия негізінде сот-сараптама қызметімен айналысатын адамдар ғана жүзеге асыра-

ды. Заңға сәйкес шарттарда басқа адамдарға біржолғы тәртіппен ғана сараптама жасау тапсырылуы мүмкін.

Әрине, лицензияның болуы сараптама сапасының жоғары болуының кепілі емес. Егер сараптама нәтижелері айқын болмаса, мұндағы күмәнді сауалдарды сарапшыдан жауап алу арқылы анықтауға болады. Ал сарапшыдан сұрақ алған жағдайда да мәселе нақтыланбаған жағдайда қосымша сараптама тағайындалады. Оны жүргізу сол сарапшыға немесе өзге сот сарапшысына тапсырылуы мүмкін. Сарапшының алдыңғы қорытындысы жеткілікті негізделмеген не оның дұрыстығы күмән тудырған не сараптама тағайындау мен жүргізудің іс жүргізу нормалары елеулі түрде бұзылған жағдайда, ҚПК-нің 287-бабының үшінші бөлігіне сәйкес сол объектілерді зерттеу және сол мәселелерді шешу үшін қайталама сараптама тағайындалады. Ал бұл сараптаманы жүргізу сот сарапшыларының комиссиясына тапсырылады. Кешенді сараптама белгілі бір жағдайды жекелеген сараптамалармен анықтау мүмкін болмаған жағдайларда тағайындалады.

Қылмыстық істе адам тағдыры таразыға түсетіндіктен, сараптама тағайындау ғана емес, сарапшылардың өзіне жүктелген міндеттемеге үлкен жауаптылықпен қарауы да аса маңызды.

Бахытхан БАКИРБАЕВ,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы

КӨЗҚАРАС

ЭЛЕКТРОНДЫҚ БІЛЕЗІК: ӘДІЛДІККЕ ҚАДАМ БА ӘЛДЕ ЖАҢА ШЕКТЕУ МЕ?

Соңғы жылдары елімізде күдіктілер мен сотталғандарға электронды білезік қолдану мәселесі қызу талқылануда. Адамның орналасқан жерін қадағалап отыруға мүмкіндік беретін бұл құралдың артықшылығы да, кемшілігі де бар.

Қолданудың пайдасы, біріншіден, электронды білезіктер күдіктілердің қозғалысын бақылауға көмектеседі, бұл, әсіресе, қылмыстың қайталану қаупі бар жағдайда маңызды. Сондай-ақ тергеу изоляторының толып кетуіне жол бермейді, бостандықта қадағалау мүмкіндігін кеңейтеді. Екіншіден, мұндай шара оңалту құралы ретінде қызмет ете алады. Үй-қамға шығарылғандар құқық қорғау органдарының бақылауында болып, қоғамға қайта қосылуға мүмкіндік алады. Десек те, электронды білезіктерді пайдалану көптеген сұрақ тудырады. Соның бастысы – адам құқығының сақталуы. Кейбір сарапшылар мұндай шара биліктің өкілеттігін теріс пайдалану мүмкіндігін кеңейтіп, жеке деректердің жеткіліксіз қорғалуына жол ашады дейді. Сондай-ақ, барлық қылмыскерлер ережелерді сақтауға дайын емес екенін атап өткен жөн.

Ақтау қаласының мамандандырылған тергеу сотында 2025 жылдың 3 айында 782 қылмыстық материал қаралған, соның ішінде 613-і мемлекеттік тілде. 13 тұлғаға қатысты қылмыстық материалда «құзетпен ұстау» түріндегі бұлтартпау шарасы «үйқамаққа» өзгертіліп, санкциямен электронды білезік қолданылған. 2024 жылдың 3 айында 671 қылмыстық материал қаралған, соның ішінде 398 қылмыстық материал мемлекеттік тілде қаралған. Бірақ электронды білезік ешкімге қолданылмаған.

Электронды білезіктің қылмыспен күресте заманауи құрал екені рас. Дегенмен, қауіпсіздік пен әділеттілікті қамтамасыз етудің оңтайлы шешімдерін табу үшін қоғам бұл мәселені әлі де зерделей түскені жөн.

Д.КУАНТАЕВ,
Ақтау қаласы мамандандырылған тергеу соты әкімшісінің бас маманы-сот отырысының хатшысы

МЕДИАЦИЯ

«Дау қуған бөлеге жолығады», «Дауласқан елде даму болмайды» дейді дана бабаларымыз. Содан болар, қазақтың байырғы заңдарының бәрі дау-жанжалдарды кешіріммен шешуге, тараптарды мәмілеге келтіре отырып өзара сыйластық пен татулықты сақтауға негізделген. Міне, осы көнеден келе жатқан бітімгершілік дәстүрі «Медиация туралы» заңның қабылдануымен қайта жаңғырды.

ДАУ ҚУҒАН БӨЛЕГЕ ЖОЛЫҒАДЫ

«Медиация туралы» заңның қабылданып, қолданысқа енгеніне де он жылдан аса уақыт өтті. Осы уақыт ішінде бұл заңның қаншалықты тиімді екеніне жұртшылықтың анық көзі жетті. Заңның артықшылығы көп. Мұндағы айрықша басымдық сот жүктемесін азайтумен, елдегі дауқестікті төмендетумен тікелей байланысты. Тараптардың бітімге келуі қаржылық тұрғыдан өте тиімді. Себебі, сот процесі екі тараптың қалтасына да аз салмақ салмайды. Сот отырысына қатысу үшін азаматтардың жұмыстан қалуына, кәсібін тоқтата тұруына тура келеді. Әр процеске қатысу үшін жұмсалатын жол шығыны да аз болмайды. Сонымен бірге, өз мүддесін қорғау мақсатында тараптардың заңгерлер қызметіне жүгінетіні, адвокаттар көмегін қажет ететіні де белгілі. Бұл да азаматтарға айтарлықтай қаржылық ауыртпалық алып келеді. Ал медиацияда мұндай қаржылық шығынға жол берілмейді, әрі тараптар татуласқан жағдайда баж салығы қайтырылады.

Медиацияның келесі бір тиімділігі – уақытты ұтымды пайдаланудан көрінеді. Екі тарап өзара бітімге келіп, ортақ мәмілені медиация, партисипативтік рәсім, татуласу арқылы бекіткен жағдайда сот әуресінен құтылады. Себебі сотта дау бір күнде шешілмейді. Бірне-

ше рет өтетін сот процесі тараптардың, куәлардың, қорғаушылардың, судьяның денсаулық, тұрмыстық жағдайына байланысты кейінге шегерілуі тағы мүмкін. Сондықтан, дауды бір мезетте екі тарап ақылдаса отырып шешкен өте ыңғайлы.

Сотқа қатысудың психологиялық ауыртпалығы да үлкен. Себебі өз құқығын қорғаймын, өз уәжімді дәлелдеймін деген азаматтар әр сот процесінде үлкен эмоциялық соққы алады. Одан бөлек сот барысында түрлі кикілжіңдердің, айқай-шудың орын алары да түсінікті. Медиация осындай жайсыздықтардың алдын алады. Қарсы тараппен келісім үстелінде бейбіт түрде, байыпты мәміле жасауға жол ашады.

Сотқа жүгінген азаматтар сот актісінің шығарылуы қаншама уақыт, күш-қайрат жұмсалатынын, қаржылық шығынға алып келетінін жақсы біледі. Бірақ, сот актісі шығарылғанымен, шешімнің дер кезінде, сапалы орындалмайтын кездері көп. Ал медиацияда тараптар ақылдаса, бірлесе отырып келісімге келгендіктен, ондағы талаптарды уақытылы орындайтынын да айта кеткен орынды. Еріктілік, медиация тараптарының тең құқылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы, медиация рәсіміне араласуға жол бермеушілік те медиациялық келісімнің тиімді екенін дәлелдейді.

Бүгінде медиация медиатордың, татуластырушы судьяның, адвокаттардың жәрдемдесуімен жүзеге асуда. Медиацияны сотта жүргізудің тәртібі нақтыланған. Соған сәйкес, талап арыз өндіріске қабылданғаннан кейін сот тараптарға татуласу рәсіміне қатысу үшін шақыру жібере отырып, татуласуына шаралар қабылдайды. Судья тараптарға дауды



Ақерке ДҮЙСЕНОВА,
Меркі аудандық сотының судьясы

процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі. Дауласушы тараптар ерікті түрде келісімге келген жағдайда, келісім жазбаша нысанда жасалады, оған тараптар қол қояды және сотқа ұсынады.

Қазіргі уақытта татуласу, бітімгершілік рәсімінің аясын кеңейтуге, қоғамдағы шиеленістерді төмендетуге оң ықпал ететін «Медиация туралы» заң қоғам игілігіне қызмет етуде.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ

БІТІМ

МЕДИАЦИЯ – ЕРІКТІ КЕЛІСІМ

«Медиация туралы» заңның қабылдануы қоғамға оң өзгерістер алып келді. Осы заңның қолданысқа енгізілуімен елімізде білікті медиаторлардың шоғыры қалыптасып, аймақтарда Ақсақалдар алқасы, Билер кеңестері құрылды. Бұл еліміздегі дауларды сотқа жеткізбей шешуге, тараптар арасындағы татулықты сақтауға оң ықпалын тигізді.

Десек те, әлі күнге дейін медиацияның не екенін, медиатордың қандай жұмыстар атқаратынын білмейтін азаматтар аз емес. Медиация дегеніміз – тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын, олардың өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында медиатордың жәрдемдесуімен тараптар арасындағы дауды реттеу рәсімі. Алғашында даулар тек кәсіби және кәсіби емес медиаторлардың қатысуымен шешімін тапты. Заңнамада дәйектелгендей тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың функцияларын орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады.

Медиаторлар екіге бөлінеді: олардың бірі медиация мәселесі бойынша арнайы білім алып, тәжірибе жинақтаған кәсіби медиаторлар болса, ал, екіншісі – кәсіби емес медиаторлар. Занда атап көрсетілгендей, медиаторлықты таңдаған адам өз қызметін кәсіби де, кәсіби емес те негізде жүзеге асыра алады. Жоғары білімі бар, жасы 25-ке толған, Қазақстан Республикасы Медиаторлар одағынан арнайы оқудан өткен кез келген тұлға кәсіби медиатор бола алады. Ал кәсіби емес медиаторлықпен 40 жасқа толған, халық арасында

беделді, адамгершілігі жоғары, ары кіршіксіз адамдардың айналысуына толық мүмкіндік бар. Олар тұрғындар жиынының ресми хаттамасы арқылы жергілікті атқару органдарына тіркелуі тиісті және де заңгер мамандығы болуы міндетті емес. Медиаторлар өз қызметтерін тек қана жеке құқықтық қатынастар бойынша жүргізеді.

Сот тәжірибесі көрсеткендей азаматтардың көпшілігі өздері жақсы білмейтін медиаторға жүгінгеннен, судьяға көбірек сенім артатыны байқалды. Соған орай тиісті заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, нәтижесінде татуластырушы судьялар жұмысын бастады. Татуластырушы судьяның басты міндеті – дауласқан тараптарға ақылға қонымды және өзара тиімді шешімге келуге көмектесу. Мұндай институт сот рәсімдеріне жұмсалатын шығындарды және соттардың жүктемесін азайтады.

Татуластырушы судья қалыптасқан жағдайды объективті бағалап, оның ішінде: жанжалға қатысушылармен және басқа адамдармен келіссөздер жүргізе алады; істің материалдары мен құжаттарын зерделей алады; дауды аяқтау және іскерлік қатынастарды сақтау үшін іс-әрекеттер бойынша ұсыныстар бере алады, яғни іс жүзінде дау тараптарына оны шешу бойынша ұсыныстар әзірлеуге көмектеседі.

Осылайша, даулы мәселені сот қабырғасында шешуге болады. Дауды бейбіт шешу қатысушылар арасындағы жақсы қарым-қатынасты сақтауға мүмкіндік береді, уақыт пен моральдық күшті үнемдейді.

Назым АЛЬПИЕВА,
Бостандық аудандық сотының судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

КОНСТИТУЦИЯ – 30

«КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАЙДЫ»

Құқықтық, демократиялық, зайырлы мемлекеттің қалыптасуында Ата Заңның рөлі зор. Отыз жылдан бері Конституциямыз ел іргесін бекітіп, ел еңсесін тіктеудің негізіне айналып келеді.

Әлем елдері жас Конституция, жаңашыл құжат деп баға берген Ата Заңымыз тақыр жерден пайда болған жоқ. Бұл заң сонау Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы, өз Тәукенің Жеті жарғысы секілді дала заңдарынан бастау алған. Осы дала Конституцияларының өзі қазақ елінің заңға бағынғанының, заңнан аттамағанының нақты дәлелі болып табылады.

Тарихта қалған осы заңнамалардың қай-қайсысы да заң мен тәртіпке, халықтың менталитетіне, ұлттық болмысы мен салт-санасына негізделген. Бұл заңдарды басшылыққа алған хандар мен билердің әділдікті ту етіп, теңдік пен туралықты бағдарына айналдырғанын бағамдау қиын емес.

Дала заңдарының заңды жалғасына айналған Қазақстан Конституциясы үлкен ізденістің, көпшілік арасында жүргізілген терең талқылаулар мен сындалған сараптаулардың жемісі. Бұл құжатты әзірлеуге еліміздің ең мықты заңгерлері, тәжірибелі мамандары, білімі терең ғалымдары қатысқанын айта кеткеніміз жөн. Сонымен бірге заң жо-

басына қатысты жолданған ұсыныс, тілек, пікірлердің де көп болғаны белгілі. Осы пікірлердің барлығы заң жобасын дайындауда жұмыс тобы тарапынан толық ескерілген. «Кеңесіп пішкен тон келте болмайды» дегендей Конституцияның ел көңілінен шығып, заманның тамыршысы болып отыруының негізгі себебі де көпшілік қалауымен дайындалып, халықтың қолдауына ие болуымен байланысты болса керек.

Л.ШАЙМОВА,
Қызылорда қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты әкімшісі басшысының міндетін атқарушы

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

«АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМСЫЗ АЛҒА ЖЫЛЖУ МҮМКІН ЕМЕС»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мысалы, біз көшедегі экологиялық мәселені байқасақ немесе белгілі бір әлеуметтік әділетсіздікке тап болсақ, оны шешу үшін азаматтық бастама көтереміз: үкіметтік емес ұйым құрамыз, петиция ұйымдастырамыз, қоғамдық пікір қалыптастырамыз. Бұл азаматтық қоғамның көрінісі. Мұндай қоғамда әрбір азамат өз ойын еркін білдіріп, билікке талап қоя алады, өз пікірін ұсынуға құқылы. Ол мемлекеттік құрылымдардан тәуелсіз жұмыс істейді, бірақ заң аясында әрекет етеді. Азаматтық қоғам – бұл халықтың ұйымдасқан күші, оның сана-сезімінің, жауапкершілігінің айқын көрінісі. Онсыз толыққанды демократия да, тұрақты даму да мүмкін емес.

– Қазақстандағы азаматтық қоғамның қазіргі деңгейі туралы не айтар едіңіз?

– Қазақстанда азаматтық қоғамның негіздері қаланған деп айтуға болады. Әсіресе, соңғы жылдары жастардың белсенділігі артты. Түрлі волонтерлік қозғалыстар, қоғамдық бақылау жобалары көбейді. Алайда азаматтық қоғамның толыққанды дамуы үшін еркіндік пен ашықтық қажет. Біздің елімізде кейде азаматтық бастамаларға әкімшілік кедергілер қойылады немесе қолдау жеткіліксіз болады. Бұл өз кезегінде азаматтардың белсенділігіне әсер етеді. Қазақстандағы азаматтық қоғамның мемлекеттік құрылымдармен қарым-қатынасын бағалайтын болсақ, мемлекеттік құрылымдар тарапынан арнайы бекітілген заңнамалар аясында көптеген демеушіліктер мен қолдау баршылық. Тығыз байланыста деп бағалауға болады. Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдар арасындағы ынтымақтастықтың негізгі формасы қазіргі таңда негізінен мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде



әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру болып отыр. Сондықтан да Үкімет тарапынан Мемлекеттік сыйлықтар мен гранттық қаржыландыру, арнайы бекітілген азаматтық қоғамды қолдауға арналған тұжырымдамалар да азаматтық қоғам институттарын қаржылық қолдау құралдары болып табылады.

– Бүгінгі жастар азаматтық қоғамда қандай рөл атқарады деп ойлайсыз?

– Жастар – азаматтық қоғамның қозғаушы күші. Соңғы жылдары біз еріктілер қозғалысының қарқынды дамығанын көріп отырмыз. Мысалы, 2020 жылы Қазақстанда «Волонтер жылы» жарияланған еді. Сол уақыттан бері жастар арасында әлеуметтік жобаларға, қайырымдылық акцияларына қатысу деңгейі айтарлықтай

артты. Бүгінде жастар өздерінің құқықтарын жақсырақ біледі, өз пікірін еркін білдіруге ұмтылады. Сонымен қатар, жаңа технологияларды жақсы меңгергендіктен, олар әлеуметтік желілер арқылы қоғамдық мәселелерді көтеруге белсенді атсалысуда. Бұл азаматтық белсенділіктің жаңа формаларының пайда болуына себеп болды.

– Азаматтық қоғамды дамытудың басты шарттары қандай?

– Ең алдымен, сөз бостандығы мен пікір алуандығы қамтамасыз етілуі керек. Мемлекет қоғамдық ұйымдарға сенім артуы қажет және оларды серіктес ретінде көруі тиіс. Сондай-ақ азаматтардың құқықтық сауаттылығын арттыру өте маңызды. Әр адам өз құқығын біліп, оны

қорғауды үйренуі керек. Бұдан бөлек, ҰЕҰ-ның қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету маңызды, себебі кейбір ұйымдар шетелдік гранттарға тәуелді болып қалуда.

– Әлеуметтік желілер азаматтық қоғамды дамытуда қаншалықты маңызды рөл ойнайды?

– Әлеуметтік желілер азаматтық қоғамның дамуына үлкен ықпал етіп отыр. Facebook, Instagram, Telegram секілді платформаларда түрлі бастамалар, қоғамдық қозғалыстар пайда болып жатыр. Мысалы, экологиялық акциялар, адам құқықтарын қорғауға арналған түрлі қайырымдылық науқандары көбіне әлеуметтік желілер арқылы ұйымдастырылады. Бұл азаматтардың шұғыл әрі ауқымды әрекет етуіне мүмкіндік береді. Алайда, ақпараттың жылдам таралуымен бірге, фейк жаңалықтар мен манипуляциялар да көбейіп жатыр. Сондықтан, медиа сауаттылық та өте маңызды факторға айналды.

– Алдағы уақытта Қазақстандағы азаматтық қоғамның дамуына қандай болжам жасай аласыз?

– Мен оптимистік көзқарастамын. Қазіргі әлемдік үрдістерге қарасақ, азаматтық қоғам институттары уақыт өткен сайын күшейе түседі. Қазақстан да бұл жолдан тыс қалмайды деп сенемін. Әрине, әлі де шешілуі тиіс мәселелер бар: заңнамалық шектеулерді жеңілдету, ҰЕҰ қызметінің ашықтығын арттыру, халықтың құқықтық сауаттылығын көтеру керек. Бірақ ең бастысы – азаматтардың санасы оянып келеді. Олар өз құқықтарын қорғап қана қоймай, қоғам өміріне белсенді араласуға дайын. Бұл – ең үлкен жетістік.

– Қазақстанда азаматтық қоғамға заңнамалық қолдау бар ма? Ол қаншалықты тиімді?

– Азаматтық қоғам, кез келген институт секілді, ең алдымен оның қызметін қамтамасыз ету үшін заңнамалық реттеуді қажет етеді. Бүгінгі таңда азаматтық қоғам саласында ҚР қабылданған негізгі заңдары – «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Саяси партиялар туралы», «Кәсіптік одақтар туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы», «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс туралы», ҚР үкіметтік

емес ұйымдарға арналған гранттар мен сыйлықақылар туралы», «Қоғамдық кеңестер туралы», «Бейбіт жиналыстар туралы» заңдары арнайы бекітіліп, жұмыс жасап жатыр. Елімізде азаматтық қоғамның қалыптасуы Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамды дамытуға арналған 1-кезең 2020–2025, 2-кезең 2026–2030 жылдарға арналған арнайы тұжырымдамалары да бар. Жыл сайын түрлі азаматтық форумдар өткізіледі. Тіптен, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жолдауларында да аталған мәселеге айрықша тоқталып өтеді.

– Басқа елдердің тәжірибесінен азаматтық қоғамды дамытуға қандай идеялар мен үлгілер алуға болады?

– Жалпы, атқарушы билік пен азаматтық қоғам – мемлекеттің қос қанаты. Бұлар бірлеспей, іс ілгері баспайды. Дамыған мемлекеттерде осы қос тарапқа теңестірілген мүмкіндіктің берілуі олардың өркендеуінің негізі болып отыр. АҚШ, Ұлыбритания, Батыс Еуропа елдерінде азаматтық қоғамның мемлекеттің өркендеуіне тигізіп отырған пайдасы өте зор. Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар қоршаған ортаны қорғау, денсаулық сақтау, адам құқығын сақтау, дамушы мемлекеттерге көмектесу және демократияны дамыту салаларында ықпалды кейбір құрылымдар әлемдік ауқымдағы мәселелерге дейін араласуда. АҚШ-та 6-7 мың, тіпті 10 мыңнан астам мүшесі бар үкіметтік емес ұйымдар бар. Оларда тіптен денсаулық сақтауға, қоршаған ортаны қорғауға, мүгедектерге және басқа да белгілі бір салаларға арналған өздеріне қажет деп тапқан кез келген адам мүше бола береді. Ал біздің елімізде қоршаған ортаны қорғау ұйымына тек экологтар, мүгедектер ұйымына тек науқастар, денсаулық сақтау ұйымдарына тек дәрігерлер, мейірбикелер мүше болып жатады. Бұл негізінен дұрыс емес деп ойлаймын. Сонымен қатар дамыған елдерде көптеген қоғамдық ұйымдарға тек мемлекет қана емес, бизнесмендер мен барлық жеке компаниялар үнемі көмектесіп отырады. Бізде де бұл үрдіс енді-енді басталды. Бірақ тек бір реттік қана көмектен аспай отыр.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,
«Заң газеті»

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутат Бақытжан Базарбек осылай деп мәлімдей келе, құзырлы орын басшысының бұл мәселеге қатысты ұстанымын қайта-қайта сұрады. Алқалы жиында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның жобасы бірінші оқылымда қаралған болатын. Жаңа құжатты қорғаған еліміздің Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев авторлық қауымдастық жайлы ақпараттың енді қолына тигенін, осы жиыннан шыға сала бұл мәселені жан-жақты зерделеп, қажеттігі туса құзырлы орындарға шығатынын айтып құтылды.

Отырыста сөз алған, сұрақ қойған депутаттардың дені авторлық қауымдастықтар әрекетін сыңға алып жатты. Олардың сөзінен түйгеніміз, бүгінде бұл ұйымдар үшін шығармашылық адамдарының еңбектері оңай олжаның көзіне айналғандай. Былтыр мәселен, авторлық құқық бойынша түскен 1,8 млрд теңгенің аталмыш қауымдастықтар тек 30 пайызын ғана авторларға төлепті. Яғни, оның 4 млн теңгесі ғана тиісті адамдар еншісіне тиген. Қалған қаржы қауымдастықтың қалтасында қалған. Осыны ортаға салған депутаттар бұл үрдістің шығармашылық қызметке деген ынтына төмендетіп, еңбегі ақталмаған талантты адамдардың өз идеяларын, қабілеттерін өзге елде жүзеге асыруына алып келіп, елдің болашағына, дамуына кері әсерін тигізетінін айтып, нақты шаралар қабылдау қажеттігін мәлімдеп жатты.

Министрдің айтуынша, мұндай мәселе негізінен өзара шарт аясында шешілетіндігін, жалпы аталмыш құжат аясында бұл үрдісті цифрландыру арқылы ашықтығын қамтамасыз ету көзделіп отырғандығын жеткізді. Оның сөзінен ұққанымыз авторлық құқық бойынша толыққанды төлемнің жүзеге асуы үшін біріншіден заңнамалық негіз, екіншіден ұйымдастыру шаралары қажет. Қаралып отырған құжат аясында бұл мәселені шешудің

барлық мүмкіндігі көзделіп отыр.

Заң жобасы депутаттардың бастамашылығымен дайындалыпты. Жалпы заң жобасының негізгі мақсаты – зияткерлік меншік құқықтарын сақтау мен қорғауды қамтамасыз ету, зияткерлік меншікті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау, Қазақстан Республикасына инвестициялар тарту және креативті экономиканы дамыту жөніндегі қосымша құқықтық құралдарды енгізу. Заң жобасы Азаматтық кодекске, Қазақстан Республикасындағы кедендік реттеу туралы кодексіне, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Селекциялық жетістіктерді қорғау туралы», «Қазақстан Республикасының Патент заңы», «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы», «Интегралдық микросхемалар топологияларының құқықтық қорғау туралы» заңдарына түзетулер енгізуді көздейді.

Мәселен, «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңның 16-бабына сәйкес автордың немесе өзге де құқық иеленушінің туындыны пайдаланудың әрбір түрі үшін сыйақы алуға құқығы бар. Бұл ретте отандық заңнамада авторлық құқық және сабақтас құқықтар объектілерін ретрансляциялау бөлігінде автордың, орындаушының, фонограмма жасаушының, эфирлік және кабельдік хабар тарату ұйымдарының мүлктік құқықтары көзделмеген. Осыған байланысты авторлардың және өзге де құқық иеленушілердің құқықтарын нақтылау мақсатында «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» заңға (ретрансляция бойынша) түзетулер ұсынылып отыр. Сонымен қатар «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы»

ОЙ ЕҢБЕГІ БАҒАЛАНУЫ КЕРЕК



заңның 19-бабына өзгерістер енгізу арқылы зағиптар мен көру қабілеті бұзылған немесе баспа өнімдерін қабылдау қабілеті шектеулі адамдардың жарияланған туындыларға қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында авторлардың құқықтарына қосымша шектеулер енгізілмек.

«Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңға тауар белгілері ретінде белгілеулерге жедел сараптама жүргізу және оларды тіркеу мүмкіндігі бөлігінде (жеделдетілген тәртіппен алдын ала сараптама бойынша – он жұмыс күні ішінде (қазіргі уақытта – бір ай ішінде), толық сараптама бойынша – өтінім берілген күннен бастап үш ай ішінде (қазіргі уақытта – 7 ай ішінде) түзетулер жасалды. Жеке немесе заңды тұлғалардың қызметінде бренд немесе логотип, әдетте, оны сараптамалық ұйымда тіркемес бұрын пайдаланыла береді. Бұл мән-жайлар дамушы брендті пайдаланудан пайда табуға байланысты үшінші тұлғалар тарапынан жосықсыз іс-қимылдарды көздеуі ықтимал. Тауар белгілерін тіркеу мерзімі ескеріле отырып, адамдардың оны қорғауға

мүмкіндігі болмайды, өйткені бренд тіркеу сатысында болуы мүмкін. Аталмыш талап осындай әрекеттерге тосқауыл қояды деген үміт бар.

Тағы бір жаңалық патенттік сенім білдірген өкілдерге қатысты. Министрдің айтуынша, Қазақстан Республикасының патенттік сенім білдірілген өкілдерінің өнеркәсіптік меншік объектілері бөлігінде мамандануының болмауы зияткерлік меншіктің белгілі бір салаларында шектеулі сараптамаға алып келеді. Мамандандырылған сенім білдірілген өкілдер техникалық жағынан күрделі салаларды терең түсінуде қиындықтарға тап болады, бұл көрсетілетін қызметтердің сапасына әсер етуі мүмкін. Сондықтан патенттік сенім білдірілген өкілдерді даралау құралдары мен өнеркәсіптік меншік объектілері бойынша мамандандыру талабы енгізілді.

Бүгінде тауар белгісіне өтінім келіп түскен және сараптама жүргізілген кезде кез келген мүдделі адам оның құқықтарын ықтимал бұзушылықтар болған жағдайда, оның тіркелуіне бір ай мерзімде дауласуға құқылы. Көбінесе бұл мерзім жеткіліксіз, өйткені бұл процесс осы бұзушылықты тіркеуді және қарсылықты жіберу үшін қажетті материалдарды дайындауға қажетті рәсімдер жүргізуді қамтиды. Құқық иеленушілердің құқықтарын ықтимал бұзу туралы сигнал түспеген жағдайда, заңсыз тауар белгісін тіркеу қаупі болуы мүмкін. Осыған байланысты заң жобасы аясында тауар белгісі ретіндегі белгілеуді тіркеуге қарсылық беру мерзімін 2 айға дейінгі мерзімге (қазіргі уақытта – 1 ай ішінде) ұлғайту жөнінде түзетулер ұсынылды.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі күнгі басты міндеттерінің бірі – әділ сот жүйесінің, сот төрелігінің сапасын жақсарту, сот қызметінің ашықтығы мен жариялылығына қол жеткізу және сот жүйесінің халық арасында беделін нығайту екені баршаға аян.

АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙТЫН АЛАҢ

Сот жүйесі – адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз етуде ерекше орын алатын дербес билік тармағы. Бүгінде біздің елімізде әрбір адамның құқығын сот арқылы толық қорғау қағидасы орнығып келеді.

Елімізде адам құқықтарын қорғау мақсатында, бірнеше жаңа заңнамалар қабылданып, халық игілігі үшін жүзеге асырылып, орындалуда.

Осы орайда, «ҚР кейбір Конституциялық заңдарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2024 жылғы 5 шілдесіндегі заңмен «Сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» заңға өзгерістер енгізіліп, 2-1 тараумен толықтырылды. Жаңа тарауда – дербес кассациялық соттарды құру, оның құрылымы мен құрамы, сондай-ақ өкілеттіктері белгіленген.

Аталған тараудың 16-2-бабына сәйкес, кассациялық соттарды Жоғарғы Сот төрағасының Жоғарғы Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады, атауын өзгертеді және таратады. Кассациялық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот төрағасының Жоғарғы Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді. Жоғарғы Сот төрағасы уәкілетті органның ұсынуы негізінде әрбір кассациялық сот үшін судьялардың санын Жоғарғы Сот Кеңесімен келісу бойынша белгілейді.

Кассациялық сот дегеніміз – бұл, апелляциялық сатыдан өткен сот істерін қайта қарап, заңның дұрыс қолданылғанын тексеретін кассациялық сатыдағы сот органы.

Осы жоғарыда айтылған өзгерістерге сай, 2025 жылдың 1 шілдесінен бастап, елімізде қылмыстық,

азаматтық және әкімшілік істер жөніндегі кассациялық соттар жұмыс істейтінін бұқара халықтың білгені дұрыс деп есептеймін.

Сот процесінде екі тараптың мүддесі талқыға түскеннен кейін, шешімге қанағаттанбаған тараптың наразылығы болатыны белгілі. Мұндай жағдайда, соттың шешіміне қанағаттанбаған тараптар апелляциялық алқадан кейін кассациялық сотқа шағымдана алады. Яғни, бұрын кассациялық шағымдар тікелей Жоғарғы Сотқа жолданса, енді үстіміздегі жылдың 1 шілдесінен бастап Астана қаласынан жаңадан құрылатын институт – кассациялық соттың міндетіне көшеді.

Кассациялық сот судьясы ретінде заң саласындағы жұмыс өтілі 18 жылдан кем емес, судья лауазымындағы жұмыс өтілі 8 жылдан кем емес, соның ішінде, облыстық сот судьясы ретінде 3 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар азамат бола алады.

Кассациялық тәртіпте, заңды күшіне енген сот актілерін қарау, алдын ала қарауды өткізбеу, істі мәні бойынша ақылға қонымды 6 айға жуық мерзімде қарау, кассациялық тәртіпте 3 құрамды сот болып қарау көзделген.

Сот жүйесіне енгізілген бұл өзгерістер азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтеді және заң үстемдігін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Ең бастысы Сот жүйесінің тәуелсіздігі мен беделі артады. Кассациялық соттардың дербестігі, судьялардың шешім қабылдаудағы тәуелсіздігін күшейтеді. Ал, бұл әділ шешімді қабылдауға негіз болатыны сөзсіз.

Айдын БАЙНАЗАРОВ,
Қызылқоға аудандық сотының төрағасы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ

АСЫЛ МҰРА

АМАНАТҚА АДАЛ БОЛАЙЫҚ!

Қазақ тілі – ерекше бай, көркем және шынымен де құдіретті тіл. Ата-бабаларымыз ана тіліміздің жойылмауы үшін аянбай күресіп, келешек ұрпаққа аманат еткен.

Қазақ тілінің дамуына, оны меңгергендердің санын арттыру мақсатында мемлекет тарапынан түрлі бағдарламалар қабылданып, іске асырылуда.

Қазақ тілі – бұл ғасырлар бойы қалыптасқан, біздің ата-бабаларымыздың ана тілі. Тіліміз өте бай, әдемі және көркем. Тіл – мемлекеттің басты айшығы, елдігіміздің тұғыры. Адамзатты байланыстырушы, ойы мен сөзін жеткізуге қарым-қатынас құралы ғана емес, ұлттың діңгегі, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан бабалар мұрасы. Баға жетпес бай мұраны қастерлеп, құрмет тұтамыз. Мемлекетіміздегі бас тіл, халқымыздың тілі – қазақ тілі екені мәлім.

Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару,

заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

«Тіл – халықтың жаны, оның болашағы мен мәдениетінің айнасы» – деп Ахмет Байтұрсынұлы атамыз айтып кеткен. Қазақ тілі – еліміздің мәдениеті мен тарихының ажырамас бөлігі, халқымыздың рухани байлығының негізі.

Ана тіліміз арқылы халқымызды, отанымызды танып білеміз. Әр адамның азаматтық қасиеті өз халқын, атамекенін сүюімен, ана тілін ардақтай білуімен өлшенбек. Әр азаматтың тілге деген құрметін өз анасына, өз ұлтына, өз Отанына деген құрметінен көруге болады. Өз ана тілін ұмытқан адам өз халқының өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

Қазіргі қоғам басқа тілдерді үйренуге шек қоймайды. Жаһандану үрдісі барлық ұлттар мен мемле-



Гүлнұр ТЛЕУДИНОВА,
Риддер қалалық сотының судьясы

кеттерді сынаққа алуда. Әсіресе, үлкен сынаққа ұшырап жатқаны – тіл мен салт. Ол да эволюция, қазіргі өркениеттің даму сатысы. Бірақ сол көшу сатысынан өткеннен кейін қандай тілді халық болатынымыз, мемлекеттік тілдің ертеңі бұлшығым немесе айқын бола ма, ол тек өзіміздің қолымызда.

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ЖАУАПҚЕРШІЛІК КҮШЕЙДІ

Дамыған қоғамда өмір сүріп жатқанымызға қарамастан, отбасылық зорлық-зомбылық жағдайлары әлі де жиі кездеседі. Көп жағдайда бұл мәселе ашық талқыланбайды, алайда ол туралы айту өте маңызды.



ҚР Конституциясында адам қадір-қасиетінің қол сұғылмастығы бекітілген, әрбір азамат өз абыройы мен ар-намысын қорғауға құқылы.

Отбасылық зорлық-зомбылық жасаған тұлғалар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылады. Егер олардың әрекеттерінде қылмыстық құқық бұзушылық құрамының белгілері болса, онда олар ҚР Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Отбасылық зорлық-зомбылықтың алдын алу және онымен күресуге қатысты құқықтық нормалар келесі халықаралық және ұлттық құжаттарға негізделеді:

- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы;
- Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция (БҰҰ);
- Конституциясы;
- Қылмыстық кодексы;

- Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс;
- «Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заң;
- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексы;
- ҚР «Ішкі істер органдары туралы» заңы және басқа да нормативтік құқықтық актілер.

«Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңның 4-бабына сәйкес, зорлық-зомбылықтың келесі түрлері ажыратылады:

- Физикалық зорлық-зомбылық – күш қолдану арқылы адамның денсаулығына қасақана зиян келтіру, дене жарақатын салу немесе ауырсыну сезімін туғызу.
- Психологиялық зорлық-зомбылық – қорқыту, шантаж жасау, ар-намысты таптау, адамның психикасына қысым көрсету, құқыққа қайшы әрекеттер жасауға итермелеу.
- Сексуалдық зорлық-зом-

былық – адамның жыныстық қол сұғылмаушылығына және еркіндігіне қарсы бағытталған заңсыз әрекеттер, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы әрекеттер.

Экономикалық зорлық-зомбылық – заңмен кепілдік берілген материалдық игіліктерден (тұрғын үй, тамақ, киім, мүлік және қаржы құралдары) қасақана айыру.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабында отбасы-тұрмыстық қатынастар саласындағы құқыққа қайшы әрекеттер ретінде былайтып сөз айту, қорлау, кемсіту, тұрмыстық заттарды бүлдіру және басқа да отбасы мүшелерінің тыныштығын бұзатын іс-әрекеттер қарастырылады.

Қазіргі таңда отбасылық зорлық-зомбылық үшін жауапкершілік күшейтілді. Бұрын әкімшілік құқық бұзушылықтар жәбірленушінің арызы бойынша тіркелетін болса, енді куәгерлердің, көршілердің айғақтары, бейнебақылау камералары мен бейнетіркеуіш жазбалары негізінде де іс қозғалады. Сонымен қатар, жәбірленуші мен құқық бұзушының қайтадан татуласу мүмкіндігі алынып тасталды – олар тек сотта және тек бір рет татуласа алады.

Отбасылық зорлық-зомбылық – тек денсаулыққа зиян келтіріп қана қоймай, психологиялық күйзеліс тудырып, жәбірленушінің өзін-өзі қорғау қабілетін төмендететін аса қауіпті құбылыс. Бұл, әсіресе, балаларға теріс ықпал етеді, олар зорлық-зомбылықты қалыпта жағдай ретінде қабылдай бастайды. Сондықтан, біз оны бүгінгі күннің өзінде түбегейлі жою үшін нақты шаралар қабылдауымыз қажет.

Гүлжан АЗАМАТ,
Атырау қаласы әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының судьясы

АЙМАҚ

Ұлттық статистика бюросының мәліметіне сай, Алматы облысында алғашқы екі айдың қорытындысы бойынша агроөнеркәсіп өнімдерінің экспорты ұлғайып, импорты азайған. Сондай-ақ АӨК өнімдері экспортының жалпы көлеміндегі өңделген өнімнің үлесі 84,6-дан 85,5 пайызға ұлғайып отыр. Бұл тұрғындардың 80 пайыздан астамы ауылдық елді мекендерде тұратын өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын көрсететін оң көрсеткіш деуге болады.

АГРОӨНЕРКӘСІП ӨНІМДЕРІНІҢ ЭКСПОРТЫ ҰЛҒАЙДЫ



руашылығының әлеуеті әлі толық пайдаланылмай отыр.

Мал азығында өсімдік шаруашылығы өнімінің қалдығы терең өңдеу арқылы жемшөп қорын толықтыру әлі толық бір жүйеге түспей отыр. Сол себепті ондағы өнімділік дамыған елдермен салыстырғанда әлі төмен. Сүт те, ет те тиісті деңгейде өндіріліп жатқан жоқ. Ірі және орта шаруашылықтармен салыстырғанда жеке шаруа қожалықтардағы мал басы басым болғанмен, оның тұқымын асылдандыру, өнімділігін арттыру тиісті деңгейде емес. Оған жүн мен теріні, ет пен сүтті ұсақ шаруа қожалықтарынан жинайтын, сақтайтын және өңдеуге арналған шағын өндіріс орындарының аздығы, ондағы техника мен технологияның заман талабына сай жаңартылмауы кедергі болып отыр. Өзге елдер малдың мүйізі мен тұяғын былай қойып, ішек-қарын, өтіне дейін де кәдеге жаратып, тіпті қойдың жүнін жуған судың өзін парфюмерия саласы үшін құнды шикізат көзіне айналдырған.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

Осы арада агроөнеркәсіп өнімдерінің құрылымына тоқтала кеткен жөн шығар. Өйткені онда импорттық өнімнің көлемі көпшілік ойлағандай өсімдік шаруашылығында емес, мал шаруашылығының үлесінде басым болып тұр. Нақты айтқанда былтыр қаңтар-ақпан айларында былтырғы сәйкес кезеңмен салыстырғанда өсімдік шаруашылығы өнімдерінің экспорты 1321,7-ден 1341,0 тоннаға өсіп, импорты 10560,0-ден 8249,0 тоннаға азайды. Оны ақшалай есептейтін болсақ экспорт 2505,2-ден 2919,2 мың долларға өсіп, импорт 2734,6-дан 1182,1 мың долларға кеміген. Ал мал шаруашылығы өнімдерінің экспорты 244,0-ден 600,8 тоннаға, импорты 108,4-тен 288,8 тоннаға ұлғайған. Соған сәйкес экспорт 214,8-ден 470,1 мың долларға, импорт 439,4-тен 1182,7 мың долларға дейін ұлғайған. Яғни, өзге өңірлермен салыстырғанда өндіріске барынша қолайлы болғанмен Алматы облысында мал ша-

БІР МҮДДЕ

ИНКЛЮЗИВТІ ҚОҒАМ ӨКІЛДЕРІНІҢ МҮДДЕСІ АЛДЫҢҒЫ ОРЫНДА

Жетісуда мүгедектігі бар адамдар үшін бейімделген әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының саны 800-ден асты.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы реттеу және бақылау комитетінің Жетісу облысы бойынша департаменті биыл мемлекеттік басқару, денсаулық сақтау, әлеуметтік қорғау, мәдениет, жеке кәсіпкерлік, сауда және т. б. салалардағы әлеуметтік инфрақұрылым нысандарына 10 тексеру жүргізді.

Тексеру қорытындысы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы 6 ұйғарым берілді, 1,2 млн. теңгеден астам сомаға 8 әкімшілік айыппұл салынды. Нысандардың меншік иелеріне профилактикалық бақылау жүргізу кезінде бұзушылықтар алғаш рет анықталған кезде оларды әкімшілік жауапкершілікке тартпай, олар-

ды жою туралы нұсқамалар ғана берілетінін атап өту қажет. Нұсқама белгіленген мерзімде орындалмаған жағдайда айыппұл салына-тын болады.

Облыстық әкімдіктің баспасөз қызметінің мәліметі бойынша, қазір елімізде 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы, «Аманат» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған жол картасы және Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша әзірленген «Халықпен бірге» жобасы іске асырылуда. «Аманат» партиясының жол картасында 2023-2027 жылдар аралығында ин-терактивті қолжетімділік картасына (Карта) енгізілген 42 мыңнан астам

нысанды бейімдеу бойынша жұмыс көзделген. Жыл сайын осындай нысандардың 20 пайызы бейімделуі тиіс. Осылайша, 2023 жылы – Картадағы нысандардың 20 пайызы, 2024 жылы – 40 пайызы, 2025 жылы – 60 пайызы, 2026 жылы – 80 пайызы, 2027 жылы – 100 пайызы бейімделеді.

Қазіргі уақытта елімізде 22 980 әлеуметтік инфрақұрылым нысандарында мүгедектігі бар адамдар үшін қолайлы жағдай жасалған. Оның 829-ы Жетісу облысында. Мұнда 2024 жылдың соңына дейін 447 нысанды бейімдеу жоспарланған болатын. Ол артығымен орындалды.

Е.КЕБЕКБАЙ
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ

ҚАЗАҚ РУХАНИЯТЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Ұлы қазақ ақыны, ағартушысы, жазушы, философ әрі композитор Абай Құнанбайұлының туғанына биыл 180 жыл. Бұл – ұлтымыздың рухани дүниесіне, әдебиеті мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан кемеңгер тұлғаны тереңірек тануға, оның мұрасын жаңаша пайымдауға зор мүмкіндік.

Абай Құнанбайұлы – қазақтың сөз өнерін жаңа биікке көтерген, халқына рухани азық берген кемеңгер ұстаз, озық ойлы ақын. Ол – қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, ұлтының ұлы реформаторы. Абай – ислам дінінің рухани құндылықтарына сүйене отырып, орыс және еуропа мәдениетінің озық үлгілерін үндестіре білген жаңашыл ой иесі. Ол өз заманының көлеңкелі тұстарын, ел ішіндегі әлеуметтік теңсіздікті, надандық пен жалқаулықты сынап,

ұлттың өркендеуі үшін білім мен ғылымды, еңбек пен адамгершілікті басты мұрат етті.

Ақын шығармаларында адам болмысы, ар-ождан, имандылық, қоғам мен билік, ұрпақ тәрбиесі сынды мәңгілік тақырыптар терең қозғалған. Оның өлеңдері мен қара сөздері – қазақтың рухани байлығы, халықтың айнасы. Абайдың «Қара сөздері» – философиялық трактаттар үлгісінде жазылған, терең ойға, парасат

пен пайымға толы туынды. Абай – Шығыс пен Батыс мәдениетін қатар меңгеріп, Гете, Байрон, Пушкин, Лермонтов, Крылов сияқты әлем классиктерінің шығармаларын қазақша сөйлеткен аудармашы ретінде де ел есінде. Абай – өткен ғасырдың ғана емес, мәңгілік болашақтың да тұлғасы. Оның мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін темірқазық, келешекке жол сілтер асыл қазына. Қай заманда болмасын, Абай сөзі – халқымыздың жүрегінен орын тапқан шынайы рухани бағдар.

Д.ИБРАИМОВА,
Жарма аудандық Сот
әкімшісінің бас маманы
АБАЙ ОБЛЫСЫ

ТАРАТУ

4. «ФильмЭксперт» ЖШС, БСН 100740012257 (ҚР, 050059, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 36 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, «Ақкент» ықшамауданы, 42 үй, 9 пәтер. Тел. 87027771333.

6. «Кәсіби қызмет КЗ» ЖШС, БСН 200140002108, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Жанқожа батыр көшесі, 10 үй.

7. «Академия Футзального клуба Семей» корпоративтік қоры, БСН 240440005231, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, 071400, Абай облысы, Семей қаласы, 8 март көшесі, 29 үй. Тел. 87771113564.

8. «ЮрАзия Энерджи Холдингс Лтд.» (UrAsia Energy Holdings Ltd. S.a.r.l компаниясының қазақстандық филиалы, тіркеу нөмірі В149314, Люксембург Ұлы Герцогтығы), БСН 051041004396, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, А26А3D9, Алматы қаласы, Луганский көшесі, 139 үй, e-mail: kazakhstan@uranium1.com. Тел. +77273307730.

9. «АЗИЯ-МАРКЕТ 07» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 240140035321, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, «Астана» ықшамауданы, 6 үй, 70 пәтер.

15. «ЮКОРИ-ТУРБАТ» өндірістік кооперативі, БСН 980140020852, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Тұрбат ауылдық округі, Тұрбат ауылы, Болашақ көшесі, 7 үй, пошта индексі 160000.

16. «ISTARTUP.KZ» ЖШС, БСН 121240001448, өз қызметін тоқтататынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 21 үй, 96 пәтер. Тел. +77055556527.

17. «Dass Market» ЖШС, БСН 220840002882, өз қызметін тоқтататынын хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жандосов көшесі, 21 үй, 96 пәтер. Тел. +77055556527.

ӘРТҮРЛІ

2. «Асар-07» ЖШС, БСН 040640000880, өзінің «АсарЖер-Агро» ЖШС-не, БСН 200340017056, қосылуы арқылы қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Апанов ауылы, Элеваторная көшесі, 7 үй, 2 пәтер.

3. «АсарЖер-Агро» ЖШС, БСН 200340017056, өзіне «Асар-07» ЖШС-н, БСН 040640000880, қосып алуы арқылы өзінің қайта

ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Талаптар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Бейімбет Майлин ауданы, Апанов ауылы, Элеваторная көшесі, 7 үй, 2 пәтер.

5. «CorporateManagementKZ» ЖШС, БСН 241240029998, жарғылық капиталдың 300 000 000 (үш жүз миллион) тенгеге дейін азайғаны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 1 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Қалдаяқов көшесі, 34/29 үй, каб.12.

12. «Ақ Жайық» ЖЗК (лицензия № 138) және «Батыс бензин Инвест» ЖЗК (лицензия № 155) құқықтық мирасқоры болып табылатын «Ақ Жайық» қаржы-өнеркәсіптік компаниясы» АҚ Директорлар кеңесі 2025 жылғы 29 мамырда ҚР, 090000, Орал қаласы, Әзірбайжан көшесі, 48 мекенжайында сағат 12-де «Ақ Жайық» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды. Акционерлерді тіркеудің басталу уақыты – 2025 жылғы 29 мамыр сағат 9.00-ден 11.30-ға дейін. Акционерлер күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен 2025 жылғы 28 сәуірден бастап Нүрпейісов көшесі, 12 мекенжайындағы ғимаратта № 25 бөлмеде таныса алады, акционерлердің тізімі 2025 жылғы 20 сәуірге жасалады. Кворум болмаған жағдайда, акционерлердің қайталама жылдық жалпы жиналысы 2025 жылғы 30 мамырда сағат 12-де жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша сол күн тәртібімен өтеді. Акционерлердің жалпы жылдық жиналысының күн тәртібі: 1. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту. 2. Қоғамның 2024 қаржы жылындағы жылдық қаржылық есептілігін бекіту және қоғамның таза табысын бөлу. 3. Кеткендердің орнына директорлар кеңесінің мүшесін сайлау. 4. Акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттеріне өтініші және оларды қарау қорытындылары туралы мәселені қарау.

18. «Qargy-Invest» Арнайы қаржы компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – Серіктестік) барлық мүдделі тұлғаларға 2025 жылы 25 сәуірде Серіктестіктің қатысушысы Серіктестіктің облигацияларын сату үшін шешім қабылдағаны туралы хабарлайды. Облигациялардың түрі – дисконтты, бөлінген активтермен қамтамасыз етілген. Шығарылымның тіркелген күні: 2024 жылғы 23 шілде. Шығарылған облигациялар саны – 225 000 (екі жүз жиырма бес мың). Облигациялардың жалпы көлемі – 225 000 000 (екі жүз жиырма бес миллион) теңге. Егер сіз облигацияларды сатып алғыңыз келсе, өтінімдерді Серіктестіктің мына электронды поштасына жіберіңіз: sfkqargyinvest@mail.ru немесе Серіктестіктің мына мекенжайына жіберіңіз: Қазақстан Республикасы, 050000, Медеу ауданы, Әйтеке би көшесі, 55.

19. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алматы Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 27 желтоқсандағы «Табиғи монополиялар туралы» №204-VI заңының 26-бабы 2-тармағының 24) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына сәйкес, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы сумен жабдықтау және су бұру қызметтерінің сапасы мен сенімділігі көрсеткіштерінің сақталуы туралы, 2024 жылдың қорытындысы бойынша қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есептің кәсіпорынның www.almatysu.kz ресми интернет-ресурсында орналастырылғаны туралы хабарлайды.

20. ҚРСУ рж ИМСу шк «Қазсушар» ШЖҚ РМК Қостанай филиалы өзінің тұтынушылары мен басқа да қызығушы тұлғаларына кәсіпорынның 2024 жылдың қорытындысы бойынша тірегіш гидротехникалық имараттардың көмегімен жоғарғы ағынды реттеу қызметтері туралы есебін тыңдау болатыны жөнінде ХАБАРЛАЙДЫ. Тыңдау 2025 жылы 30 сәуір сағ. 15-00-де Қостанай қ., Ш. Шаяхметов көш., 117 үй мекенжайында өтеді. Facebook және Instagram барлық мүдделі тұлғалар онлайн режимінде тыңдауға қатыса алатынын хабарлаймыз: (https://www.facebook.com/kazvodhoz.kostanay/), (https://instagram.com/kazvodhoz.kostanay?igshid=es44h16owtsn қоғамдық тыңдауға қатысу үшін жоғарыда көрсетілген сілтемеге өту керек Facebook немесе «Instagram» kazvodhoz.kostanay іздеуге енгізу қажет.

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді. Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921, заңды тұлғалар үшін – 15921

zanreklama@mail.ru

Алынған қаражаттың мақсатты пайдалануы туралы есеп	
2024 жыл	
Ұйым:	"Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры" Жеке қор
Қызмет түрі:	коммерциялық емес
Ұйымдық-құқықтық нысаны/ меншік нысаны:	Жеке қор
Занды мекен-жайы:	050000, Қазақстан Республикасы, Бостандық ауданы, Алматы қ., әл-Фараби даңғ., 17/1 үй, 17 к., БСН: 130240017820
МҮН ТЕНГЕ	
Кәрсеткіш	Сонымы
Атауы	
Есепті жылдың басына қаражат қалдығы	205 234
Келіп түскен қаражат	37 387
Қайырымдылық көмек	462 089
Ұйымның кәсіпкерлік қызметінен түскен табыстар	499 476
Түскен қаражаттардың барлығы	
Тайдаланылған қаражат	
Мақсатты іс-шараларға жұмсалған шығыстар, оның ішінде	330 429
Ғылыми және IT тағылымдамалар бағдарламалары	56 744
Білім алуға конкурстық гранттар	25 953
Есептен оқулары және өңірлік бағдарламалар	63 227
Қайырымдылық көмек	35 000
Салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту	67 912
Академик Ш.Есенов атындағы шежірталқы	18 525
Ғылымды танымал ету	20 489
Yessenov Data Lab	23 113
Ақпараттық материалдарды дайындау және орналастыру	8 232
Өзге де іс-шаралар	11 233
Күтіп-ұстауға жұмсалатын шығыстар	165 095
Барлығы пайдаланылған қаражат	495 523
Есепті жылдың соңына қаражат қалдығы	209 187
Исполнительный директор	Малишева А. Т.
Главный бухгалтер	Жалалова Ф. М.

"Ұлттық қаржылық есептілік стандартына 3-қосымша"		
Атауы		
"Shakhmardan Yessenov Foundation ғылыми білім беру қоры" Жеке Қоры		
Қызметінің түрі		
Көрсеткіштердің орташа жылдық саны		
13		
"Занды мекен-жайы"		
050000, Қазақстан Республикасы,		
Бостандық ауд., Алматы қ.,		
әл-Фараби даңғ., 17/1 үй, п.17, 130240017820		
Бизнес сәйкестендіру нөмірі,		
Жеке сәйкестендіру нөмірі		
050000, Қазақстан Республикасы,		
Бостандық ауд., Алматы қ.,		
әл-Фараби даңғ., 17/1 үй, п.17, 130240017820		
Бухгалтерлік баланс		
31 желтоқсан 2024 жылғы жағдай бойынша		
МҮН ТЕНГЕ		
Активтер	Есепті кезеңнің басына	Есепті кезеңнің соңына
Активтер	205 234	205 234
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	205 187	205 234
Басқа да қысқа мерзімді дебиторлық берешек	54 756	117 338
Қорлар	5 051	5 128
Негізгі құралдар (амортизацияны алып тастағанда)	4 789	1 258
Материалдық емес активтер (амортизацияны алып тастағанда)	26 043	26 043
Басқа да активтер	11 463	6 249
Активтердің жиыны	311 290	361 249
Міндеттемелер		
Салықтар бойынша міндеттемелер		5
Өзге міндеттемелер	1 604	24
Міндеттеме жиыны	1 604	29
Өз капиталы		
Капитал жиыны	309 686	361 249
Капитал жиыны және міндеттемелер	311 290	361 249
Исполнительный директор:	Малишева А.Т.	
Главный бухгалтер:	Жалалова Ф.М.	

МҰРАГЕРЛІК

10. 2024 жылы 19 желтоқсанда қайтыс болған Иманова Қансұлу Қабделқызының артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлердің мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша хабарласуларын сұраймыз.

11. 2025 жылы 13 сәуірде қайтыс болған Карсаликов Самат Игликовичтің артынан мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға Атырау қаласы, «Авангард 3» ықшамауданы, 75 үй, 5 кеңсе мекенжайы бойынша хабарласуларын сұраймыз.

21. 2025 жылы 2 сәуірде Садықов Берик Сериковичтің қайтыс болуына байланысты артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Титов көшесі, 41Б ғимарат, 210-211 каб. мекенжай бойынша нотариус Е.Б. Бекқожаевқа хабарласуы керек. Тел.: 87781624993, 87071624991.

Алматы қалалық соты, Алматы қаласы бойынша Судьялар одағының филиалы, «Үш би» төсбелгісінің иегері, Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрметті мүшесі, Алматы қалалық сотының отставкадағы судьясы

ҚАРЫМСаҚОВ
Серік Оразбайұлының
қайтыс болуына байланысты туған-туысқандарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоқпай көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«КАИРОС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1» фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Любаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтшісов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779. e-mail: zan.at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажимабаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.



ОҢАЙЛАТЫЛҒАН ІС ЖҮРГІЗУ – УАҚЫТТЫ ҮНЕМДЕУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛЫ

Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу – азаматтық істерді қысқа мерзімде қарауға арналған іс жүргізу тәртібі. Аталған іс жүргізу тараптар мен сот органдары үшін уақыт пен ресурстарды үнемдеуге мүмкіндік береді.

Оңайлатылған іс жүргізудің ерекшеліктері Азаматтық процесстік кодекстің (АПК) 21-1-тарауында белгіленген. Мұндағы басты ерекшеліктерге тоқталсақ,

1. Судья оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен істерді талап қою қабылданған күннен бастап бір ай мерзімде қарайды. Бұл мерзім ұзартылмайды.

2. Сот егер оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қабылданған істі, АПК-нің 267-1-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, жалпы талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша қарауға көше, істі қарау мерзімі талап қою қабылданған күннен бастап есептеледі.

3. Істі оңайлатылған іс жүргізуде қараумен келіспеген тараптар – хабарламаны алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде сотқа дауды талап қою ісін жүргізу қағидалары бойынша жалпы тәртіппен қарау туралы өтінішхат, ал жауапкер құжаттар мен дәлелдемелерді қоса отырып, талап қоюға пікір (қарсылық) ұсынуға құқылы.

4. Пікірді, дәлелдемелерді және өзге де құжаттарды ұсыну үшін сот белгілеген мерзім өткеннен кейін тараптарды шақырмастан, сот отырысын өткізбей, тек ұсынылған құжаттар негізінде қарайды.

Шешімнің күшін жою негіздері

Сот АПК-нің 267-3-бабының 6-бөлігіне сәйкес, істі оңайлатылған іс жүргізуде қарау барысында дәлелдемелерді олардың тұрған жерінде қарап тексеру және зерттеу жүргізу, сараптама тағайындау немесе куәнің айғақтарын тыңдау, сондай-ақ қосымша мән-жайларды анықтау немесе қосымша дәлелдемелерді зерттеу секілді жекелеген процесстік әрекеттерді жүргізуге құқылы. Сот аталған процесстік әрекеттерді жүргізгеннен кейін қосымша ұйғарым шығармай-ақ оңайлатылған іс жүргізуді одан әрі жүзеге асырады.

Мұндай іс бойынша сот кіріспе және қарар бөліктерден тұратын шешім шығарады және көшірмесін тараптарға шешім шығарылған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей жібереді. Егер жауапкер талап қоюдан тускені және оның оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырыл-

маған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, жауапкер сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Шешімнің күшін жою туралы арызды сот он жұмыс күні ішінде қарайды.

АПК-нің 267-4-бабының 2-бөлігінде көрсетілген негіздердің жиынтығы болған кезде сот істі мәні бойынша қарауды қайта бастай отырып, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қабылданған шешімнің күшін жою немесе жоюдан бас тарту туралы ұйғарымдарына шағым жасалмайды.

Оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қабылданған шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Процестік мерзімдерді өткізін алу сағдары

АПК-нің 124-бабына сәйкес, процесстік әрекеттерді жасау құқығы АПК-де белгіленген немесе сот тағайындаған процесстік мерзімнің аяқталуымен жойылады. Процестік мерзімдер аяқталғаннан кейін берілген шағымдар мен құжаттарды, егер өткізіп алған процесстік мерзімді қалпына келтіру туралы мәлімделмесе, сот оларды берген адамға қараусыз кері қайтарады.

АПК-нің 126-бабына сәйкес, сот тағайындаған мерзімді ұзарту алады, ал АПК-де белгіленген мерзімді өткізіп алу себептерін сот дәлелді деп таныса, мерзімді қалпына келтіруі мүмкін. Сот өткізіп алынған процесстік мерзімді қалпына келтіру туралы арызды өз қалауы бойынша, іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы. Өткізіп алған процесстік мерзімді ұзартудан немесе қалпына келтіруден бас тартылған



Медетбек САРСЕНОВ, Бәйдібек аудандық сотының төрағасы

жағдайда, АПК-нің 124-бабына сәйкес, шағымдар мен құжаттар қайтарулы тиіс.

Соттың процесстік мерзімді ұзартудан немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы ұйғарымына жеке шағым берілуі, прокурордың өтінішхаты, наразылығы келтірілуі мүмкін. Егер тараптар сот шешіміне апелляциялық шағым беру мерзімін өткізіп алған жағдайда, осы мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхатын шағымға қоса беру керек. АПК-нің 434-бабының екінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес, оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған сот шешімдеріне кассациялық шағым берілмейді.

Процесс даулы мәселелерді тез шешуге бағытталған

Оңайлатылған іс жүргізу жүйесі сот ісін жылдам әрі тиімді қарауға мүмкіндік береді. Бұл процесс даулы мәселелерді тез шешуге бағытталған, әсіресе күрделі дәлелдемелерді қажет етпейтін жағдайларда тиімді. Сотқа жүгіншілер үшін уақытты үнемдеудің тиімді жолы болып табылады. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру мүмкіндігі қарастырылған, бұл азаматтардың заңды құқықтарын қорғауға қосымша мүмкіндік береді. Алайда азаматтар өз құқықтарын адал пайдаланып, заңмен белгіленген мерзімді сақтаулары тиіс.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

Әр мемлекеттің тұғыры – оның заңнамалық негізі. Қазақстан Республикасы үшін бұл негіз – 1995 жылғы қабылданған Конституция. Егемен еліміздің тұрақты дамуы мен азаматтарының құқықтарын қамтамасыз етуге Ата Заңның рөлі орасан зор. Ол – Тәуелсіздігіміздің тірегі, мемлекетіміздің ең басты құжаты.

ЗАҢ АЛДЫНДА БӘРІ ТЕҢ

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан алдымен уақытша заңдармен басқарылды. Алайда елдің дербес даму бағытын айқындайтын, халықтың еркін білдіретін әрі заманауи талаптарға сай келетін тұрақты Конституция қажет болды. Осылайша, 1995 жылғы 30 тамызда жалпыхалықтық референдум арқылы жаңа Конституция қабылданды. Бұл күн – Қазақстан тарихындағы маңызды бетбұрыс сәт болды. Быыл халқымыздың еркін таңдауымен қабылданған Ата Заңымызға 30 жыл тоғалы отыр.

Конституция – елдің ішкі тұрақтылығы мен сыртқы беделінің кепілі. Ол Қазақстанды зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде бекітті. Ата Заңымыздың арқасында елімізде этносаралық татулық пен конфессияаралық келісім салтанат құруда. Сонымен қатар, Конституция тәуелсіздігіміздің заң жүзіндегі тірегі болып саналады. Мемлекеттілік ұғымының мәні де осы заң аясында айқындалады.

Ата Заң – жай ғана заңдар жинағы емес, ол – ұлттың рухани тұғыры, болашағымыздың бағдары. Конституцияны құрметтеу – Отанды сүюдің бір көрінісі. Сондықтан әрбір қазақстандық Ата Заңды білуге, оның талаптарын орындауға және оны қорғауға міндетті. Себебі біздің еркіндігіміз бен бірлігіміз – осы заңнамалық негізде қаланған.

Қазақстан Республикасының Конституциясы – халқымыздың тарихи тағдыры мен болашаққа деген сенімінің айғағы. Ата Заңымызда көрсетілген нормалар мен қағидалар барлық мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдардың және азаматтардың қызметінің арқауы болып табылады. Оның шеңберінде ғана еліміздегі тұрақтылық пен тәртіп сақталып келеді.

Сондай-ақ, Конституция азаматтардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Білім беру, денсаулық сақтау, еңбек ету құқығы, әйелдер мен балалардың құқығын қорғау – Ата Заңымызда бекітілген. Мұның өзі Қазақстанның адам капиталын дамытуға және әділетті қоғам құруға ерекше мән беретінін көрсетеді.

Бүгінгі таңда Қазақстан жаңа тарихи кезеңге қадам басып отыр.


Мемлекеттік басқару жүйесіне енгізіліп жатқан реформалар, заң үстемдігі мен азаматтық қоғамның дамуы – мұның бәрі Конституция қағидаларына сүйене отырып жүзеге асырылуда. Бұл бізге болашаққа нық сеніммен қарауға мүмкіндік береді.

Ата Заңымызда сот билігіне ерекше мән берілген. Құжаттың 3-бабына сәйкес, мемлекеттік билік біртұтас ол – заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді. Бұл билік тармақтарының өзара іс-қимылы мен тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесі арқылы жүзеге асады.

Сот жүйесі – Конституцияда көрсетілген құқықтар мен бостандықтардың нақты кепілі. Әрбір азамат өз құқығын қорғау үшін тәуелсіз және әділ сотқа жүгіне алады. Бұл – құқықтық мемлекет қағидаларының негізгі көрсеткіші.

Соттардың тәуелсіздігі мен бейтараптығы – Ата Заңымызда бекітілген басты қағидаларының бірі. Конституцияның 77-бабында судьялардың тек Конституция мен заңға ғана бағынатыны және ешкімнің олардың қызметіне араласуға құқығы жоқ екендігі нақты жазылған. Сот жүйесі арқылы Конституциялық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету – елдегі әділдік пен тәртіптің кепілі. Сондықтан Ата Заңымыздың құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуындағы рөлі сот жүйесімен тығыз байланысты.

И.ӘЛКЕНОВ,
Ақмола облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының төрағасы



«КЕҢСЕ ТІЛІ ҚАЗАҚША БОЛМАЙ, ІС ОҢАЛМАЙДЫ»

Біздің басты мәселеміз – мемлекеттік тілдің республика аумағында, қоғам өмірінің барлық саласында кең көлемді қолданылуын қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа біз үстемдікпен, әкімшілік жолмен емес, тілдік қақтығыстарға жол бермейтін мақсатты, сауатты да табанды тіл саясатын жүргізу арқылы ғана қол жеткізе аламыз.

Әлемде қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде өмір сүретін, қызмет ететін бір ғана ел бар, ол – Қазақстан. Біле білсек, қазақ тілін еліміздің шын мәніндегі мемлекеттік тілі, барша қазақстандықтардың құрметтейтін, білетін, қоғам өмірінің барлық саласында жаппай қолданылатын тіл деңгейіне көтеру – елдігіміздің іргетасын бекітіп, ұлтымыздың айбары мен абыройын асыру жолындағы үлкен мүддеміз.

Қазақ тілі – қазақтың бүгінгі мен болашағы, ұлтымыздың тағдыры, мемлекеттілігіміздің түп қазығы екендігі дәлелдеу-

ді қажет етпейді. Еліміздің Ата Заңында биліктің қайнар көзі халық деп атап көрсетілсе, сол халықтың біртұтастығын сақтайтын тілі ғана. Тіл – адам мен адамды, ұлт пен ұлтты жақындастырып, табыстыратын өзгеше қасиетті құрал. Сондықтан да біз оны халық арасындағы достықтың бастауы, ынтымақтастығы мен береке-бірлігінің тірегі ретінде қадір тұтамыз.

Мемлекеттік тілдің сот жүйесіндегі қолданысын қалыптастыру аса маңызды. Бұл міндетті атқаруда мемлекеттік қызметшілерге жүктелетін міндет зор. Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында құжаттардың мемлекеттік тілде сапалы дайындалуына үнемі назар аударылып отырады. Бүгінде ішкі құжат айналымындағы жұмыстарды ұйымдастыру мемлекеттік тілде жүргізіліп, ол бойынша құжат

әзірлеу мемлекеттік тілде орындалуда және мемлекеттік тілді қолдану мәселесіне байланысты түрлі іс-шараларды ұйымдастыру жүйелі жолға қойылған. «Кеңсе тілі қазақша болмай, іс оңалмайды», – деп Сәкен Сейфуллин кеңес дәуірі кезінде-ақ айтып кеткен. Сондықтан да, кез келген мекеменің беделін арттыру үшін кеңсе қызметінің дұрыс ұйымдастырылуы мен кеңседен жіберілетін құжаттардың сауатты болуы басты шарт. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне келер болсам, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің жұлдызын биіктетуіміз қажет.

Шынар ТҰҒАТАРОВА,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты әкімшісінің басшысы



НЕКЕНІ САҚТАУҒА ТЫРЫСҚАН ЖӨН

Неке – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында ҚР заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ.

Отбасы-неке қатынастарын реттейтін негізгі нормативтік құқықтық акт «Неке және отбасы туралы» кодексі. Осы кодекс неке-отбасы қатынастарын реттеудің мақсатын, міндетін, қағидатын және құқықтық негізін айқындайды, отбасының дамуын Қазақстанның мемлекеттік-әлеуметтік саясатының басым бағыты ретінде айқындай отырып, оның құқығы мен мүддесін қорғауды қамтамасыз етеді. Отан отбасынан басталады демекші, отбасы – шағын мемлекет. Ажырасу ерлі-зайыптылардың жеке мәселесі емес. Оның әсері ортақ ба-

ланын, қоғамның мәселесі. Ажырасудың салдары елімізде демографиялық жағдайдың нашарлауына, балаларға моральдық тұрғыдан ауыр тиеді, ерлі-зайыптылардың өздерінің эмоционалдық күйзелісіне, толық емес отбасының пайда болуына, жалғызбасты адамдар санының көбеюіне алып келеді. Неке және отбасылық қатынастардан туындайтын даулар бірінші саты соттарында ең көп қаралатын азаматтық істерді құрайды.

Статистикалық мәліметтерге қарасақ, Шалқар аудандық сотында 2024 жылы 96 неке бұзу туралы талап қою тіркелсе, 2025 жылдың бірінші тоқсанында ғана 18 талап қою тіркелген. Сотта істі қараған кезде, ажырату емес, татуластыру және заңды некені сақтап қалу шаралары кеңінен қолданылады. Өкінішке қарай, неке құрылғанымен қатар, некені бұзу фактілерінің саны артуда. Сондай-ақ, сотқа неке бұзу туралы талаппен жүгінген

тараптар арасында, яғни некені бұзу кезінде ерлі-зайыптылар арасында даулар туындайды.

2023 жылғы 27 наурызда заңға өзгеріс енгізіліп, осыған дейін азаматтық істердің қарауында болған бірқатар іс кемелетке толмағандар істері жөніндегі соттың құзыретіне берілді. Өзгеріс мақсаты отбасы мен балаларға қатысты дауларды бір сотта шешуге бағытталған. Яғни, кемелетке толмаған ортақ баласы болғанда, ерлі-зайыптылар арасындағы отбасылық даулар ювеналды сотта шешіледі. Кемелетке толмаған адамның заңды өкілінің өтінішхаты бойынша, баланың тұрғылықты жеріндегі сотқа қаралуы мүмкін. Дегенмен, түсіністік және отбасыға деген махаббат – алтын дінгек. Некені бұзуға асықпаған жөн.

Ақмарал НҰРҰДИН,
Шалқар аудандық сотының бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**
Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zanreklama@zangazet.kz

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 63672 дана
Апталық таралым 12 734 дана
Тапсырыс №62 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31